| - өндірістік әлеуеттің болуы;<br>- кант қызылшасын егу үшін қолайлы табиғи-климаттық жағдайдың болуы;<br>- дақылды егудің жинақталаған бай тәжиребесі. | - өндірістің ұсақ тауарлығы;<br>- тұқым импортынан тәуелділігі;<br>- агротехнологиялардың артта қалушылығы, өндірістің негізгі құралдарының физикалық және моральдық тозуы;<br>- еңбектің т-мен механизациясы;<br>- қант қызылшасын өсіретін өңірлерде суару жүйелерінің тозуы немесе жоқ болуы;<br>- қызылша өндірушілер мен қайта өңдеуші зауыттардың арасындағы осал тігінен-тік ықпалдасу;<br>- сапалы шикізаттың болмауына байланысты қайта |

| | |
|---|---|
| | өңдеуші зауыттардың жеткіліксіз жұмысбастылығы;<br>- қант қызылшасы өндірісінің төмен тиімділігі. |
| Мүмкіндіктер | Қауіп-қатерлер |
| - отандық қант қызылшасынан ақ қант өндірісін тұрақты дамыту;<br>- ақ қант өндірісі бойынша зауыттардың жұмысбастылығын қамтамасыз ету;<br>- механизациялау деңгейін арттыру;<br>- қант қызылшасын қайта өңдеушілер мен өндірушілердің өндірістік кооперациясы және тігінен-тік ықпалдасуы үшін жағдай жасау;<br>- шикізатты қайта өңдеуде саланың монополиясыздандыру;<br>- мемлекеттік қолдаудың шарттары мен механизмдерінің өзгеруі;<br>- білімдерді тарату жүйесін дамыту нәтижесінде саланың кадрлық әлеуетін ұлғайту (экстеишн). | - елдің азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төнуі;<br>- ақ қант импорты үлесінің өсуі;<br>- ақ қантқа деген ішкі республикалық бағалардың өсуі;<br>- Кеден Одағына мүше елдері тарапынан бәсекелестік;<br>- қамысты қант шикізаттың импорттау тарапынан бәсекелестік;<br>- шикізаттың жоқтығына байланысты қант бірқатар қызылшасын қайта өңдеу кәсіпорындарында жұмыстың тоқтауы;<br>- саланың төмен тиімділігіне байланысты қант қызылшаның өндіріс деңгейінің төмендеуі. |

2014 жылы егіс алаңдарын 35 мың гектарға дейін кеңейту және өнімділікті 260 ц/га дейін ұлғайту есебінен қант қызылшасының өндірісін 750 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Осылайша, 2014 жылы республикадағы ақ қант өндірісі отандық шикізатпен 17 %-ға қамтамасыз етілетін болады.

Ет пен ет өнімдерінің өндірісі және экспорты

2009 жылы Қазақстан Республикасында сойылған салмақта 896,3 мың мал мен құс сатылды, бұл 2008 жылдың деңгейінен 2,5 %-ға артық.

Орташа есеппен, өндірілетін еттің 22 % өнеркәсіптік қайта өңдеуге қолданылады. Өндірілетін еттің негізгі бөлігі жеке тұтынуға қолданылады.

Халықтың ет пен ет өнімдерін тұтыну деңгейі (етпен санағанда) ұлттық тұтыну нормаларынан (1 адам басына 48 кг/жыл) 39 %-ға артық және 1 адамға 67 кг/жылды құрайды.

Қайта өңдеу өнімдері бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейі байқалады: шұжық өнімдері шамамен 40 %, ет және ет-өсімдік консервілері - 52%. Шұжық өнімдері мен консервілерді жеткізудің 90 %-ы Ресейден жүзеге асырылады.

| Күшті жақтары | Осал жақтары |
| --- | --- |
| - Қазақстанның оңтүстік-батыс аумағындағы климаттық жағдайлар жайылымды (шығынды емес) қой шаруашылығы жүргізуге қолайлы;<br>- есептер көрсеткендей, Солтүстік, Орталық және Батыс аумақтарда жайылымды мал шаруашылығын жүргізуге жарамды пайдаланбайтын жайылымдардың профициті байқалады;<br>- қазақстандық еттің Ресей нарығында бәсекеге қабілеттілігі. | - өндірістің ұсақ тауарлығы, 80 %-дан артық мал басының жеке қосалқы шаруашылықтарда (бұдан әрі - ЖҚШ) болуы;<br>- азық дақылдарына арналған егістік алқабтарының азаюы, құрама жемнің өндірісі көлемінің төмендеуі және қымбаттылығы;<br>- жекелеген өңірлерде мал мен құстардың аса қауіпті аурулардың ошақтарын тіркеудің кездейсоқ оқиғалары;<br>- асыл тұқымды және тұқымдық малдың төменгі үлесі;<br>- ет өнімдері бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейі;<br>- мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің маусымдық сипаты. |
| Мүмкіндіктер | Қауіп-қатерлер |
| - халық санының өсуімен ет тұтынудың ұлғаюы күтілуде. Бұл ретте, қазақстандық сиыр етін өткізудің әлеуетті нарығы Ресей болып табылады. Қазақстанның Кеден Одағының құрамына кіруі отандық сиыр етінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады;<br>- экологиялық таза өнімдерді өндіру (гендік инженерияны қолданбай), сондай-ақ, «Халал» стандарттары бойынша ет саласының өнімдерін өндіруді жолға қою отандық ет өндірушілерге араб және Таяу Шығыс елдерінің нарықтарына шығуға әлеуетті мүмкіндік туғызады. | - етті импорттаушы негізгі елдері тарапынан жоғары бәсекелестік: Аргентина, Бразилия, Австралия, Жаңа Зеландия. Осы елдер мұздатылған еттің зор көлемдерін экспорттайды, бұл оларға етті қазақстан өндірісінің ұқсас өнімдері бағасынан анағұрлым төмен бағалармен ұсынуға мүмкіндік береді.<br>- жануарлардың аса қауіпті аурулардың таралуына байланысты өнімдерді шеттен әкелуге тыйым салу. |

2016 жылға қарай 60 мың тонна етті экспорттау үшін жағдай жасалатын болады.

Сүт және сүт өнімдерінің өндірісі

2009 жылы республиканың барлық санаттағы шаруашылықтарының сүт өндірісі 5303,9 мың тоннаны құрады.

Орташа есеппен өндірілетін сүттің 28 %-ы өнеркәсіптік тұтыну үшін қолданылады. Оның үлкен бөлігі (3 млн.тоннаға жуық) жеке тұтынуға қолданылады. Өндірілетін сүттің төмен сапасы (өндірістің жалпы көлемінің 90 %-ы ЖҚШ) мен импорттық құрғақ сүттің бағасының төмен болуы салдарынан кейбір қайта өңдеу кәсіпорындары өндірісте негізінен Ресей, Беларуссия және Украинадан әкелінетін құрғақ сүтті пайдалануды қалайды.

Тұтыну нормаларына сәйкес сүт пен сүт өнімдеріне деген қажеттілік 260 кг/адамға құрайды. Халықтың сүт пен сүт өнімдерін (сүтпен санағанда) нақты тұтыну 330 кг/адамға жуық. Осылайша, Қазақстанда сүт мен сүт өнімдерін тұтынудың деңгейі нормативтік көрсеткіштерден жоғары. Сонымен қатар, отандық өндірістің сүт өнімдерімен ішкі тұтынудың жеткіліксіз қамтылуы көзге түсер. Нәтижесінде ішкі тұтынудағы сүт өнімнің импорттың үлесі 50 %-ға жуық.

| Күшті жақтары | Осал жақтары |
| --- | --- |
|  | - өндірістің шағын тауарлылығы;<br>- осал жемдік базасы; |

| | |
|---|---|
| - ЖҮШ өндірістің төмен өз құндылығы;<br>- тұрғындарды шикі сүтпен қамтамасыз етудің өздік жеткіліктілігі;<br>- жер ресурстарының болуы (жайылымдарға тиімді);<br>- сүт өнімдеріне деген ішкі сұраныстың болуы;<br>- ірі сүт-тауарлық фермаларды дамыту әлеуеті;<br>- халық санының өсуі және оның әл-ауқат деңгейін жақсарту;<br>- несиелеу бойынша институттардың, жабдықтарды жеткізу бойынша лизинг компаниялардың болуы. | - мал өнімділігінің төмен деңгейі;<br>- ЖҮШ өндірілген сүттің сапасы төмен;<br>- сүтті өндірудің қарапайым және ескерген технологиясы;<br>- шағын өндірушілерді қолдау бойынша шаралардың жетіспеушілігі;<br>- шағын шаруашылықтарға арналған несиелерге шектелген қол жетімдік;<br>- сапалы шикі заттың болмауына байланысты сүтті қайта өңдеу зауыттарының жеткіліксіз жұмыс бастылығы;<br>- кейбір аумақтарда мал мен құстардың аса қауіпті аурулардың ошақтарын тіркеудің кездейсоқ оқиғалары;<br>- өндірістің маусымдылығы;<br>- АӨК субъектілердің төмен инновациялық белсенділігі;<br>- ауыл шаруашылықтағы еңбек ақысының төмен деңгейі ;<br>- білікті кадрлардың жетіспеушілігі;<br>- сүтті сатып алу және бастапқы өңдеу бойынша жеткіліксіз дамыған инфрақұрылымы. |
| Мүмкіндіктер | Қауіп-қатерлер |
| - мал басы санының өсуі;<br>- жыл сайынғы сүт өндірісі көлемінің ұлғаюы;<br>- сүт-тауарлық фермалар жүйесінің дамуы;<br>- механизация деңгейін арттыру;<br>- сатудың ықтимал нарықтарының болуы (КО ішінде, Қытайдағы сұраныс);<br>- сервистік-даярлау пункттер мен ауылдық тұтынушы кооперативтер жүйесін дамыту;<br>- КО аясында ҚР және РФ сүтті мал шаруашылықтарының біріккен жобалары;<br>- білімдерді тарату жүйесін дамыту нәтижесінде саланың кадрлық потенциалын ұлғайту (экстейшн);<br>- сүтті жинау бойынша даярлау пункттерінің жүйесін дамыту;<br>- мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту. | - КО аясында Ресей, Беларусия жақтарынан өскен бәсекелестік;<br>- сүт сапасының жеткіліксіз деңгейіне байланысты экспорттың шектелген мүмкіндіктері;<br>- сүт өнімдер нарықтағы импорттың анағұрлым үлесі;<br>- сүт-тауарлық фермаларды құру үшін үлкен инвестициялардың қажеттілігі;<br>- сүт-тауарлық фермалардағы өндірістің жоғары өздік құнына байланысты сүттің бәсекеге деген төмен қабілеті;<br>- елдегі эпизоотикалық жағдайдың нашарлауы. |

2014 жылғы әлемдегі ұқсас деңгейге сәйкес келетін және бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған өнімдерінің өңдеуін қамтамасыз ететін өндірістің техникалық және технологиялық деңгейін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру нәтижесінде қайта өңдеуге арналған сүттің жеткізулер көлемін 2583,6 мың тоннаға дейін ұлғайту, импорт алмастырудың 24,4 млрд. теңге көлеміне дейін жету және сүт өнімдерінің импорт үлесін 8 % төмендету жоспарланды. Сонымен қатар, ауылды жерлерде 15,5 мыңнан астам қосымша жұмыс орындарын құру жоспарланды.

Құс шаруашылығын дамыту

Соңғы жылдарда құс етінің өндіріс көлемдері өсу және импорттың

төмендеуінің тұрақты үрдісі көзге түсер. Мысалы, 2006 жылы республикамызда 65,5 мың тонна өндірілсе, 2009 жылы 79,5 мың тонна немесе 3 жылдың ішінде құс етінің өндірісі 23 %-ға өсті. Бұған қоса, импорт көлемі төмендеуде, 2006 жылы 152,4 мың тонна құс еті әкелінді, ал 2009 жылы 109,0 мың тонна немесе 28,5 % импорт көлемі қысқарған. Бір уақытта отандық өндірістегі құс етінің ішкі нарықта үлес салмағы ұлғайған. 2009 жылы ішкі нарықтың отандық өндірістегі құс етімен қамтамасыз етілуі 42 % құрады.

Республикаға құс етінің басты жеткізушісі АҚШ болып табылады (жалпы импорт көлемінен 85-88 %). Соңғы жылы Украинадан жеткізілетін құс етінің көлемінің ұлғаюы байқалуда.

Соңғы жылдары республиканың ішкі нарығында құс етін жалпы тұтынуы бірқатар төмендегенін атап өтуі жөн. 2009 жылы ішкі нарықта құс етін тұтыну 188,4 мың тоннаны, ал 2006 жылы 216,8 мың тоннаны құрды немесе 13,0 % төмендеді. Сәйкесінше жан басына шаққандағы орташа құс етінің тұтынуы 1 адамға 2006 жылғы 14,2 кг, 2009 жылы 12 кг дейін төмендеді.

| Күшті жақтары | Осал жақтары |
|---|---|
| - өндірістік қуаттылығының болуы;<br>- ішкі нарықтағы құс етіне деген сұраныстың бар болуы. | - өндірістік технологиялық құрал-жабдықтардың тозуы;<br>- өндіріс тиімділігінің төмендігі;<br>- білікті мамандардың жетіспеушілігі;<br>- өзіндік құнның жоғарылығы және өнімнің бағалық бәсекеге қабілетінің төмендігі;<br>- құс фабрикаларында айналым қаражатының жетіспеушілігі;<br>- вакцинаға және асыл тұқымды материалға жемшөп қоспалары бойынша импорттық тәуелділіктің жоғарғы деңгейі;<br>- қоспа жем өндірісіне отандық ингредиенттер түрінің жетіспеушілігі. |
| Мүмкіндіктер | Қауіп-қатерлер |
| - өндірістік әлеуетті толығымен қолдану;<br>- жаңа бройлерлік құс фабрикаларының құрылысы және қайта құрылуы;<br>- ішкі тұтынудағы отандық өндіріс үлесін ұлғайту ( импорттың орнын ауыстыру);<br>- өндірістің тиімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын төмендету;<br>- отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. | - экономикалық дағдарыстың әсерінен инвестициялар тартудың қиындығы;<br>- шекаралас Ресеймен, сонымен қатар Украиналық кәсіпорындармен бәсекелестік;<br>- құм еті импорттаушылар жағынан демпинг. |

2010 - 2014 жылдарға арналған басты мақсат импорттық өнімнің 60% және одан да көбін жабу болып табылады, ол үшін 2014 жылға отандық құс етінің өндірісін 140 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Өндірістік процестің ерекшелігіне байланысты аталған көрсеткіштерге жету зиянсыздық деңгейіне кіру үшін оның анағұрлым масштабын талап ететін өндірістің үлкен

инвестициялық сыйымдылығына қатысты ірі және орташа кәсіпорындардың өндірісіне ұлғайтуға негізделген. Республикалық ауқымдағы жеке қосалқы және шаруа (фермерлік) қожалықтар саласында айтарлықтай өндіріс екі талай.

Биязы жүн және оның қайта терең өңдеу өнімдерінің өндірісі мен экспорты

2009 жылы шаруашлықтардың барлық санатында қойдың саны 14,7 млн. басты құрады. Қой негізінен Оңтүстік Қазақстан - 22 %, Алматы облысы 17 *%,* Жамбыл облысы 13,3 % және Шығыс Қазақстан облысында 13 % өсірілді.

2009 республиканың шаруашылықтарының барлық санаттарында 36,4 мың тонна жүн өндірілген, ол 2008 жылғы көрсеткіштен 3,3 % жоғары. Өндірілген жүннің түрлері бойынша келесідей болды: биязы - 7,8 мың тонна (немесе өндірілген өнім көлемінен 22 %), орташа биязы - 4,8 мың тонна немесе 14 %, жартылай жуан жүн 4,3 мың тонна немесе 12 % және жуан жүн 18,0 мың тонна немесе 52 %.

Соңғы жылдары майлы-етті қой шаруашылығы даму тенденциясы байқалуда, бұл қазіргі нарық жағдайында қой етін өндірісімен салыстырғанда жүн өндірісі шығынды және тиімділігі төмен. Осыған байланысты, республикада өндірілген жүн көлемінің жартысы жуан жүн болып табылады, ол ішкі және сыртқы нарықта сұранысы болмай қалды.

2009 жылы шаруашылықтың барлық нысандары бойынша өнім өндірісі келесідей бөлінді: халық шаруашылығы - 25,1 мың тонна жүн (69,0 %), шаруа ( фермерлік) қожалықтар - 9,4 мың тонна (25,8 %), ауыл шаруашылығы кәсіпорындары - 1,9 мың тонна (5,2 %).

| Күшті жақтары | Осал жақтары |
|---|---|
| - қой табынын өсіру үшін жайылымдардың байтақ массивтердің болуы;<br>- әр бағыттағы асыл тұқымды қой шаруашылығы базасының бар болуы (биязы жүнді, жартылай биязы жүнді , жартылай жуан жүнді, жуан жүнді және каракульдық);<br>- өз шикізат ресурстарының бар болуы;<br>- жүнді бірінші қайта өңдеу кәсіпорындарының бар болуы. | - биязы жүнді қой өсіру бойынша мамандандырылған ірі шаруашылықтар санының аз болуы;<br>- қой табынымен селекциялық-асылдандыру жұмыстарды жүргізу деңгейінің төмендігі;<br>- жемшөп базасының әлсіздігі;<br>- жүнді дайындау және қойды қырқу бойынша инфрақұрылымның дамуының төмендігі;<br>- жекелеген аймақтарда жүн сапасын анықтау бойынша лабораториялардың жоқтығы;<br>- қой шаруашылығын дамыту және жүнді қайта өңдеу бойынша жаңа технологияларды енгізу және әзірлеудің жеткіліксіз деңгейі;<br>- шикізатты сатып алуға айналым қаражатының жетіспеушілігі;<br>- шығарылатын терең қайта өңделген жүн өнімдерінің ассортиментінің аздығы. |
| Мүмкіндіктер | Қауіп-қатерлер |
| - қолайлы географиялық орналасуы - ірі сату нарықтарына жақындығы (Ресей, Қытай, Европа, Азия, Таяу Шығыс); | - Көпшілік кәсіпорындарда реттелген өнімді өткізу арналарының жоқтығы; |

| | |
|---|---|
| - әлемдік нарықта қазақстандық биязы жүннің бағасының бәсекеге қабілеттілігі;<br>- сыртқы нарықтағы тоқыма өніміне сұраныстың артуына байланысты саланың даму болашағы, халықтың әл-ауқаты деңгейінің өсуі. | - Қазақстандық жүнді сыртқы нарыққа жайғастыру және қозғалту бойынша маркетингтік стратегияның жоқтығы. |

Болжанып отырған саланы дамыту бойынша іс шаралар қой шаруашылығын дамытуға инвестицияны салуды, инфрақұрылымды жалға қоюды, барлық түрдегі жүнді бірінші қайта өңдеу және сатып алуды ұйымдастыруды, сала өнімінің экспортын дамытуды көздейді. Сонымен қатар, жуан жүнді сатудың ықтимал нарықтарын іздеу бойынша шаралар қабылдау, оның терең қайта өңделіуін оның негізінде шығарылатын тауардың және өнімнің ассортиментін ұлғайту.

Болжамалы мәліметтер бойынша, 2014 жылы жүннің жалпы өндірісі 45 мың тоннаға жеткізілетін болады, оның ішінде биязы жүн 15,0 мың тонна. Сәйкесінше биязы жүнді қойлардың санын 4,3 млн. басқа жеткізу керек.

Жүнді және оның бірінші қайта өңдеуден өткен өнімін сатудың перспективті нарық ретінде Ресей, Беларусь, Қытай, Түркия, және Италия болып табылады.

Бұған қоса, 2,5 мыңнан астам қосымша жұмыс орындарын құру жоспарлануда.

## 3.3 Саланы дамытудағы негізгі мәселелер

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсiптiк кешенiнiң жалпы жүйелiк мәселелерi болып табылатындар:

1) агротехнологиялардың артта қалуы, өндiрiстiң негiзгi құралдарының табиғи және сапалы тозуы;

2) топырақтың құнарлығы жағдайын бақылаудың жоқтығы;

3) суармалы судың нормативтен тыс шығындары, сонымен қатар табиғи ресурстардың басқа да түрлерiн тиiмсiз қолдануы;

4) жерлердiң жер өңдеу жағдайының нашарлауы;

5) ауыл шаруашылығы өндiрiсiнiң ұсақ тауарлығы;

6) қолданылатын тұқымдардың және өсiрiлетiн малдар тегiнiң генетикалық потенциалының төмендiгi;

7) жемшөп базасының әлсiздiгi, жайылымдардың құлдырауы;

8) диагностикалық зерттеулердiң Жануарлардың денсаулығын сақтау бойынша дүниежүзiлiк ұйымдардың талаптарына сәйкес еместiгi (OIE);

9) ауыл шаруашылығы малдарының бiрдейлендiрудiң бiрыңғай жүйесiнiң жоқтығы және олар бойынша электрондық базаның болмауы;

10) тауарлы балық шаруашылығының дамымауы;

11) өндiрiстiк қайта өңдеуге сапалы шикiзаттың жетiспеушiлiгi және iшкi азық-түлiк тауарларының нарығында терең қайта өңделген отандық өнiмдердiң үлесiнiң төмендiгi;

12) елдің ішкі сұранысын қанағаттандырмайтын маңызды азық-түлік өнімдерінің бар болуы;

13) тамақ өнімдерінің заман талабына сай технологияда өлшем әдістері стандарттарының жоқтығы, халықаралық талаптармен үндестіктің төмен деңгейі;

14) агроөнеркәсіптік кешен салаларында қолданылатын өлшем құралдарының тексеру базасы деңгейінің төмендігі;

15) экономиканың аграрлық саласында инвестиция тартудың темен деңгейі;

16) өндіріске ғылыми әзірлемелерді енгізу жүйесінің дамымауы;

17) білікті мамандардың жетіспеушілігі;

18) ауылдық кооперацияның жеткіліксіз дамуы;

19) ауылдық тауар өндірушілердің кредит қаражатына деген сұранысын толық қанағаттандыруға қаржы ресурстарының жетіспеушілігі.

## 3.4. Агроөнеркәсіп секторын дамытуды қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатын талдау

Бүгінгі күні экономиканың аграрлық секторындағы қолданыстағы заңнамалық база толығымен нарықтық экономика талаптарына сәйкес келеді, халықаралық тәжірибе нормаларына бағытталған, ең бірінші тауар өндірушілердің кәсіпкерлік ықыласын қорғауға және қолдауға бағытталған.

Жүйелі жүргізілген өзгерістердің нәтижесінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы нарыққа бағытталған болды. Ауылда нақты мүлік иесі пайда болды, ауыл тұрғындарының санасы өзгерді, нарық көзқарасына негізделген жаңа өндірістік қарым-қатынастар нығайды.

1997 жылдан бастап жалға беру және кепіл беру қарым-қатынасы, өңірлік жер нарықтарын қалыптастыру, жерлерді пайдалану көрсеткіштерін ескере отырып, жердің пайдаланылмағаны үшін санкциялар қолдану дами бастады.

Осы уақытта, қалыптасқан жағдай аграрлық саланың даму стратегиясын тұжырымдамалық анықтауды талап етті. Оның негізгі бағыттары Қазақстанның 2030 дейін даму стратегиясында анықталған болатын. 2030 стратегиясы шеңберінде ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекеге қабілетті шараларында экономикалық өсуді қамтамасыз етуді, тиімді іске асырылатын жалпы сипаттағы және арнайы мемлекеттік қолдау шараларының қолдану жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру тұрақтылығы қарастырылатын Ауыл шаруашылығы министрлігі 2000 - 2002 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірледі .

Аталған Бағдарлама шеңберінде астық нарығын мемлекеттік реттеуге заңнамалық база құрылды. 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының «Астық туралы» Заңы қабылданды, оның негізгі ережелерін нақтылайтын заңға қосымша нормативтік-құқықтық актілер әзірленді және қабылданды, элеваторларды лицензиялау бойынша жұмыс аяқталды, асыл тұқымды мал шаруашылығын және таңдаулы тұқым шаруашылығының жүйесі реттелді.

Бірақ, агроөнеркәсіптік кешендегі кейбір тұрақтылық жағдайына қарамастан 2002 жылы қайта өңдеу бойынша ауыл шаруашылығы техникасының және құрал-жабдықтардың тозуы, топырақтың құнарлығының төмендеуі, агротехнологияларды сақтамау, егістіктің және ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігінің төмендеуі, АШТӨ-де айналым қаражатының дайындығы, өндіріс түсімінің және өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі сияқты өтпелі кезең мәселелері сақталып қалды.

Экономиканың одан әрі өзгерістер логикасы агробизнестің тиімді құрылымын құрумен, агротехнологиялардың деңгейін жоғарлатумен, ауыл шаруашылығы өндірісін маркетингтік стратегияға көшірумен, ішкі нарықта импортты ауыстырумен, жақын және алыс шет елдермен экспортты жандандырумен байланысты аграрлық саланың жаңа сапалы деңгейіне өтуін талап етті.

Осыған байланысты, 2002 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында алдағы 3 жылды - ауылды көтеру жылдары деп атады және Үкіметтің алдына ауылды дамыту бойынша шараларды жинақтау туралы міндет қойды.

Осы міндетті шешу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы № 889 Жарлығымен бекітілген 2003 - 2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы әзірленді (бұдан әрі - Мембағдарлама), оның негізгі мақсаты тиімді агробизнесті құру арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті АӨК өнімін өндіру және сату, мемлекеттік қолдау шараларын рационализациялау болып табылатын.

Мембағдарламаны іске асыру аясында агроөнеркәсіп кешенінің заңнамалық базасын одан әрі жетілдіру және ұлғайту бойынша, оны әлемдік тәжірибелік нормалармен сәйкестендіру бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді. Бұл ретте маңызды орынды табиғи ресурстарды қолдануда мемлекет пен АШТӨ арасында жауапкершілікті бөлуге және жаңа жеке меншік бастаманы дамытуға мүмкіндік беретін Жер, Су және Орман кодекстерін қабылдау болып табылды.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы», « Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативі туралы», «Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану туралы» заңдар қабылданды, олардың негізгі ережелерін нақтылайтын қосымша заң актілері бекітілді, элеваторларды

лицензиялау бойынша жұмыстар аяқталды. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы», «Астық туралы», «Ара шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне механикалық көлік құралдары және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық тексеру мәселесін есепке ала отырып тұжырымдамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жер кодексінде бекітілген ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік институтының маңыздылығын атап өткен жөн. Жер қатынастары қайта құру мәселелерінде тарихи қадам жасалды және ауыл шаруашылығына арналған жерлер нарық айналымына тартылды.

Су кодексін және басқа да заңға қосымша актілерді қабылдаумен су шаруашылығы саласында нақты реттеуге жағдайлар жасалған, олардың жұмысы реттелді, мемлекеттік органдардың ғана емес су пайдаланушылардың да міндеттері мен қызметтері нақтыланды, мемлекеттік бақылаудың сынды жүйесі құрылды.

Жаңа Орман кодексіне енгізілген нормалар жергілікті атқарушы органдарға орман қорларын қолданылуда, қайта өндірісте, сақтау рөлі мен жауапкершілігін жоғарлатуға, аталған ортаға жеке меншікті қызықтыру үшін жол ашты.

Мемлекет өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданып жатыр. Бұл мақсатпен Қазақстан Республикасының «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы қабылданған, онда өндірушілердің өнімдер қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі ескеріледі.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату және ветеринариялық жүйені халықаралық стандартқа сәйкестендіру мақсатында 2009 жылы 24 шілдеде Қазақстан Республиканың «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы мен оны іске асыру үшін бірнеше нормативтік-құқықтық акт қабылданған.

Елдің АӨК-нің тұрақтылығын көтеру мен оның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2009 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

## 3.5. Қазақстан Республикасына бейімдеуге болатын бар өзекті мәселелерді шешу бойынша позитивті дүниежүзілік тәжірибені шолу

АӨК салаларын тұрақты дамуын қамтамасыз ету, отандық өнімдерінің ұлттық бәсекелес басымдықтарын дамыту мақсатында Қазақстан

Республикасында бейімдеуге болатын шетелдік ауыл шаруашылығы тәжірибесін дамыту оң жақтары тұрақты зерттеледі.

Ауыл шаруашылығы дамыған елдердің тәжірибесі АӨК саласындағы мемлекеттік саясат ауыл шаруашылығын дамыту үшін өзекті фактор екендігін көрсетеді.

Мысал ретінде биоэтанолды өндіру бойынша бразилиялық тәжірибені айтуға болады. Бразилия әлемде отындық этанолды өндірудің екінші ірі өндіруші және ірі экспорттаушы болып табылады. Бразилия және АҚШ әлемдегі жалпы көлемдегі 89% этанолды өндіреді. 2009 жылы Бразилия 24,9 млрд. литр өндірді, ол әлемдегі қолданылатын отындық этанолдың 37,7% құрады. Ол әлемдегі биоотынның тұрақты экономикасымен бірінші мемлекет болып табылады, биоотын өндірісі бойынша озат және басқа елдердің дамуына үлгі жобасы болып табылады. Бүгінгі күні Бразилияда қант қамысынан этанол өндірісі ең сәтті болып табылады. Оған отыз жылдық этанол өндірісін дамыту мемлекеттік бағдарламасының арқасында қол жеткізілді және отынның қазбалы түрлерін қолданудан бас тарту нәтижесінде.

Бүгін Бразилияда таза мұнай өнімдерін жанармай түрінде қолданатын көлік құралдары жоқ. 1976 жылы Бразилияның үкіметі 10-нан 20%-ға дейінгі мөлшердегі этанолды бензинмен араластыруды заңды түрде бекітті, бұл ішкі жанғыш двигателіне минималдық өзгерістерді қажет етті. 1993 жылы этанолдың минималдық мөлшері 22%-ды, ал 2007 жылы - 25%-ды құрды.

Бразилиядағы этанол өндірісі дамуының негізгі аспекті АӨК саласындағы ғылыми зерттеулерге инвестициялар болып табылады. Ауыл шаруашылығындағы зерттеулерге жауапты EMBRAPA, мемлекеттік компанияның мемлекеттік институттар және университеттермен бірігіп жасаған ғылыми зерттеулері Бразилияға биотехнология саласында және агрохимиялық тәжірибеде қант қамысын өсірудегі ең тиімді ауыл шаруашылығы технологияларын қолданатын әлемдегі негізгі жаңашыл болуға мүмкіндігін берді. Бір гектардан түсім тиімділігін арттыруға арналған шаралар соңғы 20 жылда қант қамысының жалпы жиналымын үш есе арттыруға мүмкіндік берді. Этанолдың гектардан шығуы 1975 жылы 2024 литрден 2004 жылы 5917 литрге дейін өсті, бұл өндіріс тиімділігінің жылына 3,77%-ға өскенін көрсетеді. Өндіріс процесіндегі инновациялар қантты шығару пайызын 98%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

1976 жылдан 2008 жылғы кезең аралығында қант қамыстың жалпы өнімі 91 млн. тоннадан 650 млн. тоннаға дейін өсті, егіс алқабы 2 млн. га-дан 8,1 млн. га дейін өсті, түсім 465 ц/га-дан 797 ц/га дейін өсті. Бразилия этанолдың әлемдегі ең үлкен экспорттаушысы болып табылады. 2007 жылы Бразилия 933 млн. галлон (3 532,7 млн. литр) этанолды экспорттады, бұл ел өндірісінің 20% және әлемдік

экспорттың 50% құрды. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудың басқа мысалы Беларусь Республикасының сүт секторы болып табылады.

2005 - 2009 жылдары ауылды қайта жандандыру және дамыту бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы кешенін қолдауға 10 млрд. АҚШ доллары жұмсалды. Беларусияда мемлекеттік қолдаудың басым бөлігі сүт өнімін өндірушілерге беріледі. Елдегі өндірілген сүттің жартысы экспортқа жіберіледі. Белорусияның жалпы мемлекеттік шығындарының басым бөлігі ауыл шаруашылығын қолдау үлесіне келеді. Мысалы 2005-2007 жылдары ауыл шаруашылығын қолдауға арналған шығындар мемлекеттік бюджет шығындарының 8-9 %-ын құрды. Дүниежүзілік Банктің мәліметтері бойынша 2007 жылы жалпы ауыл шаруашылығын қолдау (салықтық жеңілдіктерді есепке алғанда) ЖІӨ-нің 5,4 %-ын және ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 29%-ын құрды. Олар 2005 - 2010 жылдарға арналған ауылды қайта жандандыру және дамыту мемлекеттік бағдарламасы негізінде үнемі артып отырады. Белоруссиядағы ауыл шаруашылығын бюджеттік қолдау басқа елдермен салыстырғанда аса жоғары (ЖІӨ-ге, бюджеттік жалпы шығындарға және шаруашылық егістіктерінің жалпы алқабына қатысты). 2009 жылы әлемдік саудадағы Белоруссияның үлесі іш майында 2008 жылы 7,7%-дан 10,8%-ға дейін, ірімшікте - 4,5%-дан 5,7%-ға дейін артты. Құрғақ бірыңғай сүттің әлемдік экспортындағы үлесі 2008 жылғы 1,4%-ға қарсы 1,6%-ды құрды, құрғақ майсыздандырылған сүттің үлесі 5,1%-ға қарсы 6,7%-ды құрды. Жалпы Белоруссия 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда сүт және сүт өнімдерінің экспортын 530,1 мың тоннаға жеткізіп, 23,9%-ға ұлғайтты. Белоруссиялық азық-түліктің жалпы экспорты $2,218 млрд. құрады және 2008 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға артты. 2009 жылы Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі ұйымдарының үлесіне азық-түлік тауарларының жалпы экспортының 70% ($1,57 млрд.) келді. Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі ұйымдарының жалпы экспортындағы сүт өнімдерінің үлесі 56,7%-ды құрды.

Протекционистік саясаттың оңтайлы мысалы ретінде Ресей Федерациясының қант өнеркәсібін және құс етінің өндірісін қорғау болып табылады.

2004 жылы Ресей Федерациясы Үкіметі импорттық баж салығының «икемді» (ауыспалы) тетігін енгізді, оның мөлшері аршылмаған қанттың биржалық құнымен (шикізат бағасы төмен болса, баж салығы жоғары болады және керісінше) анықталады. Импорттан қорғану тетігінің негізгі мақсаты - отандық қант қызылшасы кешенін қолдау үшін ішкі қант бағасының қажетті деңгейін қамтамасыз ету және аршылмаған қантқа әлемдік бағалардың өсуі кезінде ішкі нарықты жоғарғы бағалардан сақтап қалу.

Ресей Федерациясы аршылмаған қантқа баж салығының жаңа тетігін енгізу нәтижесінде ақ қанттың және отандық шикізаттың өндірісі тез артты. Сәйкесінше қамыстан жасалған аршылмаған қанттың импорты да тез қысқарды. Осылай 2003 жылмен салыстырғанда аршылмаған қанттың импорты 2 рет төмендеді, ал қант қызылшасының өндірісі 2003 жылғы 19 млн. тоннадан 2008 жылы 30 млн. тоннаға дейін өсті.

Ресейде құс шаруашылығына «АӨК дамуы» ұлттық жобасының шеңберінде қолдау жасалады. Бұл мақсатта жобамен қарастырылады:

1) Ресей Федерациясы субъектілерінің 5 жылдан 8 жылға дейін алынған инвестициялық мақсаттағы кредиттердің пайыздарын төлеуге кететін шығындардың бөлігін бюджеттен субсидиялау.

2) Федералдық лизинг негізінде техниканың, құрал-жабдықтардың және асыл тұқымды малдың көлемін ұлғайту.

3) Ет импортын шектеу режимін сақтау.

4) Отандық теңдесі жоқ мал шаруашылығына арналған технологиялық құрал-жабдықтарды енгізуді ынталандыру.

Мал шаруашылығы салаларының, оның ішінде құс шаруашылығын жедел жаңарту үшін басты назар лизингтің дамуына және пайыздық мөлшерді субсидиялау арқылы несиелердің қол жетімділігін арттыру. Сонымен қатар, Ресей Федерациясы Үкіметімен 2006 жылдан бастап аналогтары Ресей Федерациясы территориясында өндірілмейтін мал шаруашылығы және мал шаруашылығын қайта өңдеуге арналған қазіргі заманға сай техниканы және құрал-жабдықтарды елге кіргізудегі кедендік баж салығын алып тастады. Асыл тұқымды малды және жемшөп базасын дамытуға да үлкен назар аударылды. 2020 жылға дейінгі әзірленіп жатқан құс шаруашылығын дамыту бағдарламасы негізгі бағыт ретінде жем витаминдерін қосатын асыл тұқым базасын және жем өндірісін дамытуды қосады.

Осылай 2006 жылдан 2008 жылдар аралығында құс етінің өндірісі 1,6 млн. тоннадан 2 млн. тоннаға дейін өсті.

Украинада Аграрлық саясат министрлігімен әзірленген және бекітілген 2005-2015 жылдарға арналған «Украина соясы» салалық бағдарламасы қолданылады. Осы бағдарламаға сәйкес 2015 жылы соянның егіс алқабтарының өсімін 1 млн. га дейін және жалпы жиналым өсімін 1,5 млн. тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда. Ол үшін соя өндірісін жыл сайын 120-150 мың тоннаға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 2009 жылы соянның жалпы жиналымы 2004 жылғы 363 мың тоннадан 2009 жылы 1 млн. тоннаға дейін артты , егіс алқабтары 250 мың га-дан 850 мың га дейін артты, бұл бес жыл бұрынғы көрсеткіштерден үш есе артық. Украина шаруашылықтарында соянның орташа

түсімі 2004 жылы 11 ц/га құрған, ал 2009 жылы 16,8 ц/га құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 65%-ға жоғары. БҰҰ-ң мәліметтері бойынша соя экспортының көлемі 2004 жылғы 155 мың тоннадан 2009 жылы жарты миллион тонна шамасына дейін ұлғайды, бұл өз кезегінде бағдарламаның тиімділігін көрсетті.

Сонымен АӨК мемлекеттік қолдау саласындағы халықаралық тәжірибе көрсеткендей мемлекеттің ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысуы және саланы дамыту бойынша бағдарламалардың болуы ауыл шаруашылығының оңтайлы дамуына ықпал етеді.

## 4. Қазақстан Республикасында АӨК-ні дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаның мақсаты, міндеті, мақсаттық индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіші

Бағдарламаның негізгі мақсаты азық-түлік қауіпсіздігі мен өнімнің экспортын арттыратын бәсекеге қабілетті АӨК-ні дамыту болып табылады.

1-кесте

| Мақсаттық индикаторлар | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| АӨК жалпы қосылған құнын жоғарылату 16 % кем болмауы тиіс | 113,7 | 87,0 | 103,4 | 103,9 | 104,2 | 104,7 |
| Агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында бір жұмыспен қамтылғанға келетін 3000 АҚШ долларынан кем дегенде 2 есе арттыру | 3000 | 3200 | 3600 | 4200 | 5000 | 6000 |
| Аграрлық саланың экспорттық мүмкіншілігі жалпы экспорттың көлемінде 8 %-ға арттыру | 3,9 | 4,3 | 4,7 | 5,4 | 6,5 | 8,0 |
| Азық-түлік тауарлары ішкі нарығының 80 % отандық азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету | 67,8 | 73,6 | 75,3 | 77,6 | 79,9 | 82,0 |

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

тұрақты даму принциптері негізінде ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз ету және экспорттық орынды қамту үшін сапалы бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру;

АӨК-ң қазіргі заманғы инфрақұрылымын дамыту;

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына және әлемдік ғылым трендіне сәйкес АӨК-нің маңызды бағыттарына ғылыми зерттеулерді шоғырландыру;

АӨК қажет жоғары білікті кадрларды даярлау.

Нәтиженің көрсеткіштері:

Қажетті қаржыландыру жағдайында Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 2014 жылы Бағдарламаның негізгі мақсатына қол жеткізіледі, әсіресе:

ішкі нарықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы шикі затын қайта өңдеу өнімдер өндірісі артады;

бидайдың экспорттық потенциалы 35,3 %-ға, күріш жармасының 8,4 %-ға, сиыр етінің 10 есе, жіңішке жүннің 1,2 есе артады;

ішкі нарықтың қажеттілігі толығымен отандық тауарлармен қамтамасыз етіледі;

республиканың көлік-тракторлық паркінің жаңару қарқынының өсуі;

2014 жылы жоғары білімі бар кадрлармен қамтамасыз етуді 91 %-ға жеткізу, техникалық және кәсіптік біліммен: орта деңгейлі мамандармен 87 %-ға дейін, жоғары білікті техникалық және еңбекте қызмет көрсету жұмысшылармен 82 %-ға дейін жеткізу.

Мақсаттарға, мақсаттық индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі - салалық бағдарламаның бағыттаушысы, әзірлеушісі.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін және көрсетілген мақсаттарға, міндеттерге, мақсаттық индикаторларға қол жеткізу үшін мынандай мемлекеттік органдардың көмегі қажет: Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Жер ресурстарын басқару агенттігі, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі; сондай-ақ акционерлік қоғамдардың: «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, «ҚазАгроинновация» АҚ және мүдделі үкіметтік емес ұйымдар.

## 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарлама кезең-кезеңімен 2010 - 2014 жылдары іске асырылатын болады.

### 5.1. Өсімдік шаруашылығы саласын дамыту

Өсімдік шаруашылығы саласын дамыту саланы құрылымдық және технологиялық диверсификациясына байланысты сату нарығы бар, егіншіліктің ғылыми-негізделген жүйесіне өту, өндіріске жаңа су ресурстарын сақтайтын

технологияларды енгізу, кең химияландыру, айналысқа жаңа және қолданбаған суармалы жерлерді енгізу арқылы егіншілік мәдениетінің деңгейін көтеруге байланысты өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін арттыруға бағытталады.

Осы шаралар өндіріс кепілін арттыруға және моно дақылдарға, бір дақылдарды артық өндіріп, ал басқа дақылдарды мүлдем өндірмеуге алып соғатын қазіргі келеңсіздіктерді дұрыстауға мүмкіндік береді.

Астық дақылдарының егістік алаңдары жаппай белгіленген ғылыми негізделген егіс айналымдарымен сәйкестендіріледі. Бұл олардың алқаптарын 16,7 млн. га деңгейге дейін оңтайландыруға алып келеді.

Сонымен қатар, егу технологияларын жетілдіру арқылы бидайдың орташа жылдық жалпы өндірісін 6%-ға ұлғайту және оның экспорттық әлеуетін 6,7 млн. тоннадан 9,2 млн. тоннаға дейін немесе 37%-ға көтеру жоспарлануда.

Саланы дамытуды экономикалық ынталандыру және оның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында оның ынталандыру мүмкіндіктерін барынша қолдана отырып, АӨК субсидиялау одан әрі жалғасатын болады.

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту басымдылықтарының, сондай-ақ АӨК-дегі еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығымен айналысатын бір адамға шаққанда 2009 жылы 3000 АҚШ доллардан 2014 жылдың соңына қарай кемінде 2 есеге ұлғайту бойынша бағыттардың бірі өсімдік шаруашылығы өнімнің өнімділігін және сапасын арттыру болып табылады. Оған, сонымен қатар, басым дақылдар өндірісіне жұмсалған шығындарды одан әрі арзандату, ылғал қорын сақтайтын, суды сақтайтын технологияларды, минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, жоғары сапалы тұқымды қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Өсімдік шаруашылығының бәсекеге қабілеттігі көбінесе тұқым сапасына байланысты екенін ескере отырып, оның ішінде элиталық тұқымдар егілген алаңдардың үлесін 8 %-ға дейін ұлғайтуға бағытталған тұқым шаруашылығын дамытуды және мемлекеттік сорт сынау, тұқым шаруашылығы жүйесін және оларды мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіруді қолдау бойынша жұмыстар жалғаса береді.

Майлы дақылдардың егістік алаңдарын ұлғайту және өз шикізаты есебінен республиканың ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында, үдемелі агро-индустриялдық әртараптандыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде майлы дақылдар өндірушілерін мемлекеттік қолдау жалғасады, бұл майлы тұқымдардың жалпы жиналыным 2009 жылғы 703,6 мың тоннадан 2014 жылы 1,1 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жеміс-көкөніс және жүзім өндірісінің көлемін арттыру және ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында осындай дақылдар түрлерін өндірумен

айналысатын АШТӨ-ге қаржылық көмек көрсету одан әрі жалғасады.

Саланы әртараптандыру процесінде жеміс-көкөніс дақылдарын егу, сонымен бірге, өнеркәсіптік шағын жылы жай және парниктерді салу арқылы жабық топырақты алаңдары ұлғайтылады.

2010 жылдан бастап іске асырылып жатқан өсімдік шаруашылығы саласын дамытуды мемлекеттік қолдау шаралары ынталандыруға және қайта өңдеу кәсіпорындардың шикізатпен қамтылуын арттыруға бағытталған.

Оның ішінде картоп және жеміс-көкөніс қоймаларының бір жолғы сақтау қуатын 1,2 млн. тоннаға дейін ұлғайту есебінен жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау және оларды тұтынушыларға жеткізу логистикасын одан әрі дамыту жоспарлануда.

Аталған іс-шараларды іске асыру 2014 жылдың соңында ерте пісетін жеміс-көкөністер бойынша өз-өзін қамтамасыз етуге қол жеткізуге, жеміс-жидек дақылдары және жүзім бойынша импорттық тәуелділікті 25%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Қолданылмайтын суармалы жерлерді, негізгі мелиоративтік қорлардың тозуын және қанағаттанғысыз техникалық жағдайын қалпына келтіру, суарудың, ең алдымен тамшылап суарудың үдемелі әдістерін жаппай енгізу мәселелерін шешу алда тұр.

Басты назар аграрлық саланың экспорттық мүмкіндікті ұлғайту ретінде бидай өндірісін ел экспортының жалпы мөлшеріндегі 2009 жылы 4%-дан 2015 жылы 15%-ға дейін өсіруге аударылады, ол стратегиялық маңызы бар ірі инфрақұрылымдық жобаларды, оның ішінде бидай қоймаларын салу және жаңарту, бидай және оның терең қайта өңдеу өнімдері экспортының инфрақұрылымын дамытуды іске асыру арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, бидай және оның қайта терең өңделген өнімдерін тауар биржалары арқылы өткізу бойынша жұмыс күшейтіледі

Бұдан басқа, қайта өңдеу саласын дамыту арқылы бидай экспортының шикі заттық бағытын төмендетуге басты назар аударылады. Бұл ретте, бидай экспортының мөлшеріндегі қайта өңделген өнімнің үлесін 32%-дан 50%-ға дейін арттыру көзделіп отыр, бұл әлемдегі ірі бидай экспортері ретінде қазақстанның орнын нығайтады.

Бидай және оның қайта өңделген өнімдерін сыртқы нарықтарға шығару, экспорттық мүмкіндікті арттыру үшін мыналар қажет:

қазақстандық бидай өнімдерін өткізу кезінде стратегиялық маңызы бар мемлекеттерде астық импортының (қабылдау) инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру жөнінде ұсыныс енгізу;

бидай және оның қайта өңделген өнімдерін экспортқа шығару кезінде жұмсалатын көлік шығындарын субсидиялау;

«қазақстандық астық және оның қайта өңделген өнімдері» брендін дамыту;

астық және ұн экспортының инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту.

Елдің фитосанитарлық қауіпсізідігін қамтамасыз ету және аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілердің жаппай таралуына болдырмау, егіс алаңдарын жоғары сапалы тұқымдармен және жоғары өнімділік сорттармен қамтамасыз ету мақсатында АШТӨ отандық өндірістегі гербицидтерді, таңдаулы тұқымды қолдануын ынталандыруды жалғастыру, Кеден одағының кеден шекарасында өсімдіктер карантині бойынша шекаралық пункттерінде карантиндік лабораторияларды қосымша ашу және орналастыру, фитосанитарлық қауіпсіздігі, сорттық сынау, тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды материалды-техникалық жабдықтау қ а ж е т .

Республиканың машина-тракторлы паркін жаңарту процесінде мемлекеттің қатысуы лизингтік бағдарламаларды қаржыландыруда көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы секторын дамыту үшін республикада едәуір әлеуеті бар және тамақ өнімдерін өндіру бойынша оның өңірлік көшбасшы қатарына кіруге барлық мүмкіншілігі бар екенін ескере отырып, республиканың машина-тракторлы паркін жаңарту АӨК дамытудың басым бағыты болып табылады. Бұл ретте, отандық машина жасау саласының жеткіліксіз дамуын есепке ала отырып, елдің машина-тракторлы паркін жаңартуға бағытталған жаңа механизмдерді енгізу арқылы мемлекеттік қолдау механизмдерін күшейтуге объективті қажеттілік бар.

2-кесте

## 2010 - 2014 жылдар аралығында өсімдік шаруашылығы саласының даму болжамы

| Іс-шара | 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егіс алаңдарын оңтайландыру, мың га: | | | | | | |
| дәнді дақылдарды | 17 208,8 | 16 626,4 | 17 000,0 | 16 900,0 | 16 800,0 | 16 700,0 |
| майлы дақылдарды | 1 185,4 | 11 749,5 | 1 760,0 | 1 780,0 | 1 790,0 | 1 800,0 |
| қант қызылшасын | 19,0 | 20,1 | 25,0 | 28,0 | 31,0 | 35,0 |
| күрішті | 86,6 | 94,1 | 88,6 | 89,3 | 89,3 | 89,7 |
| мақтаны | 140,1 | 134,9 | 112,7 | 110,0 | 105,0 | 100,0 |
| көкөністерді | 110,6 | 120,4 | 120,8 | 121,2 | 121,6 | 122,0 |
| жабық топырақтағы көкөністерді | 206,5 | 267 | 288 | 309 | 330 | 350 |
| картопты | 170 | 179,8 | 182,0 | 185,0 | 189,0 | 192,0 |
| жемісті, жидекті және жүзімді | 49 | 56,2 | 58,3 | 60,4 | 62,5 | 64,6 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қолдану алаңы, мың га | | | | | | |
| ылғал қорын сақтайтын технологияларды | 10 314,6 | 11 246,9 | 11 000,0 | 11 400,0 | 11 700,0 | 12 000,0 |
| минералды тыңайтқыштарды | 1600 | 1800 | 2000 | 2200 | 2400 | 2400 |
| Тыңайған (пайдаланылмаған) жерлерді айналымға енгізу, мың га | 400,0 | 400,0 | 400,0 | 400,0 | 400,0 | 400,0 |
| Пайдаланылмайтын суармалы жерлерді қалпына келтіру, жылына мың га | - | 70,0 | 70,0 | 70,0 | 70,0 | 70,0 |
| Өндіріс көлемінің өсуі, мың тонна: | | | | | | |
| астықтың | 20 830,5 | 14 072,9 | 17 900,0 | 18 600,0 | 19 000,0 | 19 200,0 |
| майлы тұқымдардың | 703,6 | 1050,0 | 1085,0 | 1120,0 | 1155,0 | 1190,0 |
| қант қызылшасының | 181,3 | 550,0 | 625,0 | 700,0 | 775,0 | 875,0 |
| күріштің | 307,0 | 281,6 | 292,4 | 303,6 | 308,1 | 314,0 |
| шитті мақтаның | 270,0 | 270,0 | 225,4 | 220,0 | 210,0 | 200,0 |
| көкөністердің | 2 457,3 | 2 145,0 | 2 164,0 | 2 185,0 | 2 215,0 | 2 237,0 |
| оның ішінде ерте пісетін | 16,0 | 40,0 | 51,3 | 62,8 | 74,3 | 86,3 |
| картоптың | 2 755,6 | 2 578,0 | 2 669,0 | 2 772,0 | 2 867,0 | 2 971,0 |
| жемістің, жидектің және жүзімнің | 234,3 | 282,0 | 304,0 | 326,0 | 356,0 | 387,0 |
| Картоп және жеміс-көкөніс қоймаларының қуаты, мың тонна | 382,1 | 499,3 | 644,5 | 789,7 | 934,9 | 1187,7 |
| Экспорттық әлеуеті, мың тонна : | | | | | | |
| астықтың | 6 788,1 | 7 700,0 | 8 200,0 | 8 800,0 | 9 000,0 | 9 200,0 |
| күріш жармасының | 6,4 | 42,4 | 43,9 | 45,5 | 47,3 | 50,8 |
| Ішкі нарықтың қажеттілігін қанағаттандыру, %: | | | | | | |
| майлы дақылдарға | 59,4 | 98 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| қант қызылшасына | 5,3 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| картопқа | 95 | 95 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| ерте пісетін көкөністерге | 18 | 47 | 60 | 73 | 86 | 100 |
| жеміске, жүзімге және жидекке | 50 | 81 | 84 | 87 | 90 | 93 |

Күтілетін нәтижелер:

1) алаңдарды оңтайландыру жолымен өсімдік шаруашылығын әртараптандыруды жүзеге асыру;

2) астық дақылдарының егістік алаңдарын ғылыми-негізделген егіс айналымдарына сәйкес келтіру;

3) 2 млн. га дейін тыңайған (пайдаланылмаған) жерлерді айналымға енгізу, 350 мың га дейін пайдаланылмайтын суармалы жерлерді қалпына келтіру, лазерлік жобалауды қолдана отырып, күріш алқаптарын қайта жаңғырту, 100

мың га дейін суарудың үдемелі әдістерін қолдануды кеңейту, оның ішінде 51 мың га дейін тамшылап суару;

4) азық дақылдар өндірісінің өсуі;

5) ылғал қорларын сақтайтын технологияларды пайдалануды 12 млн га дейін, минералды тыңайтқыштарды - 4,5 млн га дейін, гербицидтерді 12 млн га дейін жеткізу;

6) суару суын, суармалы жерлерді тиімді және ұтымды пайдалану;

7) тұзданудың, ирригациялық эрозияның дамуының және топырақ құнарлылығы төмендеуінің алдын алу;

8) картоп және жеміс-көкөніс қоймаларының бір жолғы сақтау қуатын 1,2 млн тоннаға дейін жеткізу;

9) елдің фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдердің кіруінен және таралуынан сақтау;

10) бірегей және таңдамалы тұқымдардың өндірістік қажеттілігін қанағаттандыру;

11) астық қоймаларын салу және оларды жаңарту, астықтың экспорттық инфрақұрылымын дамыту;

12) тауарлық биржа арқылы сатудың мөлшерін ұлғайту.

13) қазақстандық астықтың экспорттық көлемі мен оның қайта терең өңдеу өнімін ұлғайту;

14) қолайлы көлік бағдарларын және астық пен ұн сатудың экспорттық инфрақұрылымын қалыптастыру.

## 5.2. Мал шаруашылығы саласын дамыту

Ескерту. 5.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

Мал шаруашылығында негізгі тірек ауыл шаруашылығы құрылымдардың мал шаруашылығы өнімінің өндіріс көлемін ұлғайтуға, малдың генетикалық әлеуетін арттыру және соның негізінде ішкі нарықтың, оның ішінде қайта өңдеу саласында, сапалы мал шаруашылығы өніміне қажеттіліктерін қанағаттандыру, сонымен қатар оның экспорттық әлеуетін құруға бағытталған.

Өндірістің көлемін және мал шаруашылығы өнімін бәсеке қабілеттілігін арттыруға:

шетелдік селекцияның құндылығы жоғары тұқымдық материалдарын (жануарларды, ұрық пен эмбриондарды) импорттау және олардың базасында асыл тұқымды шаруашылықтар-репродукторлар құру;

халықаралық талаптарға және стандарттарға сәйкес келетін жоғары сапалы сиыр етін өндіру үшін арнайы бордақылау алаңдарын салу;

сиыр етіне арналған отандық стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру;

асыл тұқымды мал базасын нығайту және ғылыми сүйемелдеу мен мал шаруашылығында ірі ауқымды селекцияны жүзеге асыру арқылы мал мен құстың генетикалық әлеуетін ұлғайту;

азық дақылдарының тұқымдарын өндіру бойынша тұқым шаруа қожалықтарын көбейту, мал жайылымдары мен шабындықтарды ұтымды пайдалану және жақсарту, азық дақылдарға арналған егіс алаңдарын кеңейту арқылы тұрақты жем базасын құру және малдарды толық азықтандырумен қамтамасыз ету;

мал шаруашылығында орта және ірі тауарлы өндірісті қалыптастыру процестерін ынталандыру, саланы өнеркәсіптік негізге аудару;

қазіргі заманғы технологияларға негізделген жаңа және қолданыстағы мал шаруашылығы өндірісінің қуатын арттыру,

мал сою, мал шаруашылығы өнімін дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу бойынша инфрақұрылымды дамыту;

мал шаруашылығы өнімі өндірісінің технологиялық процесстерін жаңарту;

ветеринария жүйесін халықаралық стандарттар талаптарымен сәйкестендіру және ветеринариялық-санитариялық салауаттылықты, тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

мал шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау шараларын ұлғайту;

мал шаруашылығы саласын кадрлық, ғылыми және ақпараттық-маркетингтің қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

Асыл тұқымды қорды кеңейту және малдың генетикалық әлеуетін арттыру республика көлемінде малды өз төлінен өсіру бойынша біріккен жүйені енгізу, сондай-ақ мал мен құстың ең жақсы генотиптерін пайдалану арқылы жүргізілетін болады.

Бұл ретте малдың тұқымдық және өнімділік сапасын жақсарту мынадай нәтижелер арқылы қамтамасыз етіледі:

ірі ауқымды селекцияның негізінде мал шаруашылығында малды асылдандыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу;

селекциялық процестерді жүргізу мен реттеуге және малдың генетикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін қайтарымсыз, жалпыға бірдей қол жетімді бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін енгізе отырып, малдың асыл тұқымдық құндылығын индекстік бағалаудың халықаралық әдістемесіне көшу;

ірі ауқымды селекцияға қатысушы қожалықтарда бұқаларды ротациялау және жоспарды бекітуін сақтау;

етті малдың арнайы тұқымы бойынша асыл тұқымды репродукторларды құру жөнінде пилоттық жобаларды іске асыру;

ірі ауқымды селекцияның (ІМС) қатысушылары асыл тұқымды-селекциялық жұмысында сапалы селекциялық процессті ғылыми сүйемелдеу (СПҒС) қызметін көрсету.

Сонымен қатар етті және сүтті мал шаруашылығын, құс шаруашылығын, бройлерлік құс шаруашылығын дамытумен бірге мал шаруашылығы саласының шошқа, өнімді жылқы және түйе, панталық бұғы мен ара шаруашылығына да көп көңіл аударылады. Осы салалардың өнімі негізінен ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Жақын арадағы жылдар ішінде осы салаларда ауыл шаруашылығы құрылымдарында өнім өндірісінің көлемін өсіру, ішкі нарықты толықтыру үшін шығарылатын өнімінің ассортиментін көбейту және өнімнің бөлек түрлері бойынша сыртқы нарыққа шығу жоспарлануда.

Мал шаруашылығында экспорттық әлеуетті арттыру мәселесінің шешімі:

шетелдік селекцияның жоғары өнімді малдың етті асыл тұқымды сиырлардың жаңа шаруа репродукциялық жүйесін құру;

арнайы етті тұқымды мал басын көбейту;

шатыстың бірінші тұқымының гетерозис әсерін шығару үшін мал шаруашылығында өндіру және ауыспалы әдісті кеңінен қолдану;

етті тұқымдас бұқаларды құрама бағыттағы сиырлармен будандастыруды өткізу;

үй қожалықтарында тұқымсыз және өнімділігі төмен малды етті тұқымды бұқа-өндірушілерінің жасанды тұқымдандыруды қолдану жолымен ығыстыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Ветеринария жүйесін халықаралық стандарт талаптарына сәйкестендіру мынадай жолмен жасалады:

жергілікті атқарушы органдарда құрылған ветеринария саласының барлық деңгейінде қызмет ететін бөлімшелерді қажетті сандармен толықтыру;

ауыл шаруашылығы малдарын және ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін сәйкестендірудің біріккен жүйесін құру;

халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығы мал басына диагностикалық зерттеулер жүргізу;

малды союға арналған арнайы объектілерді салу (мал союға арналған пункттер, алаңдар, етті қайта өңдейтін кәсіпорындар);

ветеринарлық зертханаларды халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес жабдықтау (құрылыс және материалдық-техникалық жабдықтау);

елдің эпизоотикалық салауаттылығын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы мал өнімін халықаралық нормалардың деңгейіне дейін жеткізу.

Азық өндіру саласын дамыту.

Азық өндіру саласын дамыту және мал шаруашылығының мықты жемшөп

базасын құру мынадай іс-шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылатын болады:

суландыру арқылы қолданыстағы жайылымдық алқаптардың көлемін ұлғайту. Осы проблеманы шешу үшін 3500 мыңнан астам бұрын қолданыста болған шахталық құдықтарды қалпына келтіру көзделуде;

ауыспалы егістегі азық дақылдарының үлес салмағын 2011 жылдан бастап 11,8 %-дан ғылыми-негізделген 30 %-ға дейін жеткізу. Бұл ретте, суармалы жерлердегі азық дақылдарының алаңын 2011 жылдан бастап 2,5 мың гектардан 5 мың гектарға дейін кеңейту, негізінен қазір қолданылмайтын суармалы жерлерді қалпына келтіру және шаруашылық айналымға енгізу есебінен кеңейту міндеті тұр;

азық дақылдарының тұқым шаруашылығын дамыту. Қазіргі кезде біз шамамен 70 мың тонна азық дақылдарының тұқымын өндіреміз. Оны тұқым шаруашылықтарының желілерін кеңейту есебінен 207 мың тоннаға дейін ұлғайтуымыз керек. (Бүгінде бізде 10 оригинатор, 27 элиттұқымшар, 40 жаппай көбейтумен айналысатын тұқымшар бар).

3-кесте

Ескерту. 3-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

## Мал санын көбейту, олардың ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы үлес салмағы, генетикалық әлеуетін дамыту

| Мал саны | 2009 | | | 2010 | | | 2011 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мың бас | а / ш құрылымдарының үлес салмағы, % | асыл тұқымды мал басының үлес салмағы, % | мың бас | а / ш құрылымдарының үлес салмағы, % | асыл тұқымды мал басының үлес салмағы, % | мың бас | а / ш құрылымдарының үлес салмағы, % | асы тұқ ма бас үле сал %|
| Ірі қара мал | 6095,2 | 18 | 5,6 | 6175,4 | 19,3 | 6,1 | 6280,0 | 20,5 | 6,8 |
| Қой және ешкі | 17369,7 | 30,8 | 12,0 | 17988,1 | 31,7 | 12,2 | 18650,0 | 32,8 | 12,9 |
| Шошқа | 1326,3 | 22,3 | 12,1 | 1344,0 | 24,7 | 13,0 | 1375,0 | 26,5 | 13,8 |
| Жылқы | 1438,7 | 30,4 | 5,5 | 1528,3 | 33,5 | 6,0 | 1625,0 | 36,3 | 6,5 |
| Түйе | 155,5 | 33,1 | 10,6 | 169,6 | 34,4 | 9,8 | 180,0 | 35,6 | 9,8 |
| Құс | 32686,5 | 56 | 10,7 | 32780,6 | 56,3 | 11,0 | 33220,0 | 56,7 | 11,3 |
| Марал | 9,6 | 100 | 99 | 10,2 | 100 | 98 | 10,5 | 100 | 99,0 |
| Бұғы | 1,3 | 100 | 100 | 1,5 | 100 | 74 | 1,7 | 100 | 88,0 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ара | 58,8* | 55,9 | 0,1 | 64,8* | 12 | 3,8 | 66,2* | 13 | 4,1 |
| Мал саны | 2012 | | | 2013 | | | 2014 | | |
| | мың бас | а / ш құрылымдарының үлес салмағы, % | асыл тұқымды мал басының үлес салмағы, % | мың бас | а / ш құрылымдарының үлес салмағы, %, | асыл тұқымды мал басының үлес салмағы, % | мың бас | а / ш құрылымдарының үлес салмағы, % | асы тұқ ма бас үле салі % |
| Ірі қара мал | 6440,0 | 21,9 | 7,7 | 6610,0 | 23,5 | 10,0 | 6830,0 | 25,1 | 12,8 |
| Қой және ешкі | 19330,0 | 33,9 | 13,6 | 20050,0 | 35,0 | 15,3 | 20800,0 | 36,2 | 17,3 |
| Шошқа | 1415,0 | 28,3 | 14,9 | 1460,0 | 29,8 | 16,8 | 1500,0 | 31,0 | 19,0 |
| Жылқы | 1730,0 | 39,0 | 7,2 | 1830,0 | 41,8 | 8,1 | 1940,0 | 44,3 | 9,3 |
| Түйе | 190,0 | 36,8 | 9,8 | 201,0 | 38,3 | 10,0 | 212,0 | 39,6 | 10,0 |
| Құс | 33850,0 | 57,3 | 12,7 | 34540,0 | 57,9 | 14,7 | 35400,0 | 58,8 | 17,0 |
| Марал | 10,9 | 100 | 100 | 11,4 | 100 | 100 | 11,7 | 100 | 100 |
| Бұғы | 2,0 | 100 | 85,0 | 2,2 | 100 | 91,0 | 2,28 | 100 | 96 |
| Ара | 67,8* | 14 | 4,3 | 68,8* | 14,5 | 4,7 | 70,0* | 14,8 | 5 |

*- мың ара ұялары

4-кесте

Ескерту. 4-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

## Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін өсіру

| Өнім түрлері | 2009 ж. | 2010 ж. | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сойылған ет салмағы: | | | | | | |
| шаруашылықтардың барлық санаттарында, мың тонна | 896,3 | 937,4 | 980,0 | 1025,0 | 1080,0 | 1140,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарында, мың тонна | 184,9 | 218,5 | 253,0 | 293,0 | 340,0 | 394,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы үлес салмағы, % | 20,6 | 23,3 | 25,8 | 28,6 | 31,5 | 34,6 |
| Сүт: | | | | | | |
| шаруашылықтардың барлық санаттарында, мың тонна | 5303,9 | 5381,2 | 5490,0 | 5610,0 | 5750,0 | 5900,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарында, мың тонна | 542,5 | 563,4 | 592,0 | 622,0 | 660,0 | 700,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы үлес салмағы, % | 10,2 | 10,5 | 10,8 | 11,1 | 11,5 | 11,9 |
| Жүн: | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| шаруашылықтардың барлық санаттарында, мың тонна | 36,4 | 37,6 | 39,1 | 40,7 | 42,7 | 45,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарында, мың тонна | 11,3 | 12,1 | 13 | 14,1 | 15,6 | 17,4 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы үлес салмағы, % | 31,0 | 32,2 | 33,2 | 34,6 | 36,5 | 38,7 |
| Жұмыртқа: | | | | | | |
| шаруашылықтардың барлық санаттарында, млн. дана | 3306,4 | 3720,4 | 4030,0 | 4320,0 | 4580,0 | 4830,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарында, млн. дана | 1950,3 | 2372,3 | 2680,0 | 2990,0 | 3260,0 | 3500,0 |
| ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы үлес салмағы, % | 58,9 | 63,8 | 66,5 | 69,2 | 71,2 | 72,5 |

Күтілетін нәтижелер:

1) барлық шаруашылық санаттарында орташа 5 жылдың ішінде 3-6 % шегінде, ауыл шаруашылығы құрылымдарында 8-13 % шегінде мал және құс санының жыл сайынғы өсімі;

2) ауыл шаруашылығы құрылымдары өндірген мал шаруашылығы өнімінің үлес салмағын еттің 20 %-дан 30 % дейін, сүттің - 10 %-дан 15 % дейін, жұмыртқаның - 59 %-дан 68 % дейін, жүннің - 31 %-дан 39 % дейін өндірісінің жалпы көлемінен арттыру;

3) ауыл шаруашылығы малының жалпы санында асыл тұқымды мал басының үлес салмағын ұлғайту;

4) мал шаруашылығы өнімінің экспорттық әлеуетінің өсімі және ішкі нарықта импорттық құс етінің үлесін 2 есе азайту;

5) қайта өңдеу кәсіпорындарын отандық өндірілген мал шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету;

6) 2016 жылы 60 мың тонна ет экспорттау үшін жағдай жасау;

7) республиканың асыл тұқымды мал шаруашылығы қорын нығайту;

8) мал шаруашылығына кең көлемді селекцияны енгізу;

9) малдың жаңа жоғары өнімді тұқымын өсіру ареалын кеңейту;

10) ауыл шаруашылығы мал өнімділігінің дәрежесін көтеру;

11) мал шаруашылығы өнімін экспорттық нарықтарға бөгетсіз өткізу үшін жағдайлар жасау;

12) ветеринарлық жүйені халықаралық нормаларға, стандарттарға және талаптарға сәйкестендіру;

13) аумақтың эпидемиологиялық және эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз ету;

14) ауыл шаруашылығы жануарларының өріс аударуын есепке алу мен бақылаудың жөнге келтірілген жүйесінің жұмыс істеуі;

15) 2014 жылға қарай 2 300 сою пункттерін, ауыл шаруашылығы

жануарларын союға арналған алаңдарды, қайта өңдеу кәсіпорындарын, 5000 мал қорымдарын, 114 аудандық бір түрлі ветеринариялық зертханаларды, материалдық-техникалық жабдықталған микроорганизмдер үшін био қоймаларды салу негізінде елдің ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

16) мал шаруашылығы саласында 5 жылдың ішінде 14 000-ға дейін жұмыс орындарын құру;

17) 1 басқа қолданылатын азық бірлігінің көлемін 32 центнерге дейін жеткізу.

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

## 5.3. Тауарлық балық өсіруді дамыту

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, балық қорын ұлғайту және оның биологиялық әралуандылығын сақтау тауарлық балық өсіруді дамытусыз мүмкін емес.

Тауарлық балық шаруашылығы қазіргі су дақылдарына негізделген ең басты құрастырушы бөлігі болып табылады.

Қазіргі кезде табиғи су қоймаларынан балық аулау көлемі өзінің ең жоғарғы белгісіне жетіп қалғанын ескере отырып, тауарлық балық өсіру сияқты балық шаруашылығын дамыту бағытын іске асыру қажет.

БҰҰ азық түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының мәліметтері бойынша балық шаруашылығы басым бағыттардың бірі болып табылады. Әлемде су дақылдары өнімінің жылдық өсу карқыны 8,7 %-ды құрайды. Осылайша, ақуыз бірлігіне қайта есептегенде бір тонна балық өнімі өндірісінің өзіндік құны ірі қарамал етінің өзіндік құнынан 2,6 есе, ал құстан 1,5 есе төмен.

Қазіргі кезде балықты тұтыну көрсеткіші халықтың жан басына шаққанда орташа әлемдік деңгейінің жартысын құрайды.

Соңғы кезде балық аулау көлемінің төмендеу үдерісі байқалады. Басты себептің бірі балық кәсіпшілігі жағынан ресурстарға жүктеменің артуы болып табылады. Табиғи су айдындарына балық жіберу есебінен балық ресурстарының қайта өндірісі, балық ресурстарының жағдайын тұрақты деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді, дегенмен, Қазақстанның балық өнімінің көлемін ұлғайту мәселесін шешпейді, сондықтан халықтың балық тағамдарына деген қажеттілігін импорт арқылы қамтамсыз етуге мәжбүр етеді.

Қалыптасқан жағдайдан шығудың жалғыз жолы балық саласының басым бағыты тауарлық балық шаруашылығын дамыту болып табылады, бұл азық-түлік тауарларының ішкі нарығын 80 пайыздан астам отандық тамақ өнімімен және 2014 жылдың соңына қарай елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етуге әсер етеді.

Тауарлық балық өсіру өнімнің өндірісін ұлғайту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында тауарлық балық өсіру өнімінің өндірісіне жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге және тауарлық шаруашылықтарда құнды балық түрлерін генетикалық таза желілерінің аналық табындарын күтіп-бағуға субсидия бөлу арқылы отандық су дақылдары өнімін өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету шаралары қолданылатын болады.

Осы бағыттарды іске асыру 2014 жылы тауарлық балық өнімінің өндірісін 6 мың тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

5-кесте

### Тауарлық балық өнімін өсіру

тонна

| 2009 жыл | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| 303 | 500 | 700 | 1000 | 2000 | 6000 |

## 5.4. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу саласын дамыту

Ескерту. 5.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

Субсидиялау бойынша сыйақы ставкаларының қамтылуын ұлғайтуға және қайта өңдеу кәсіпорындарының шығындары үшін шығаратын өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолымен олардың халықаралық стандарттарға көшуі, қайта өңдеу өнімі және тамақ өнеркәсібінің индустриялық-инновациялық дамуы техникалық және технологиялық кәсіпорындарды қайта жарақтандыру есебінен қол жеткізіледі.

Соның нәтижесінде технологиялық жабдықтарды жаңарту және қуаттылығын ұлғайту, шикізатты дайындау жүйесін жетілдіру арқылы 2014 жылға қарай еттің, сүт өнімдерінің, өсімдік майының өнеркәсіптік өндірісі 2010 жылға қарағанда 1,5 -1,7 есе, қант 17 %, жеміс-көкөніс консервілері 21,4 % көбейеді.

Бұл ретте 2014 жылға қарай еттің 27 % дейін, сүттің 40 % дейін, жеміс және көкөністің 12 % дейін қайта өңдеу үлестері көбейеді.

Мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары өндірістің және сақтаудың қазіргі ресурс үнемдейтін қалдықсыз технологияларды енгізу негізінде ел үшін стратегиялық маңызы бар тамақ өнімдерінің өндірісін сақтауға және ұлғайтуға бағытталады.

Кластерлік бастаманы және ауылдық кооперацияларды дамыту арқылы ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін қайта өңдеу өнеркәсібімен ықпалдастыру жөніндегі жұмыс жанданады, 2014 жылға қарай 455 ауылдық кооперативтердің құрылысы болжануда.

Ауыл шаруашылығы өнімінің импортын алмастыру және ет-сүт тағамдарының, құс етінің және қанттың импорттық үлестерін қысқартуға қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды сәтті іске асыру жоспарланып отыр.

Тамақ саласын дамыту ішкі нарықта отандық өндірілген азық-түлік тауарларының үлес салмағын бүгінгі 74 %-дан 2014 жылы 80 %-ға дейін жеткізуге және республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыртқы нарықта алдыңғы қатарлы орын алу үшін отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік басымдылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Арнайы бағдарламаларды іске асыру, көліктік-логистикалық жүйені қалыптастыру арқылы елдің ішінде қайта өңдеу өнімдерін өткізу нарықтары құрылады.

6-кесте

## Қайта өңдеу саласын дамыту болжамы

| Іс-шаралар | | 2010ж. | 2011ж. | 2012ж. | 2013ж. | 2014ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өндіріс көлемінің өсуі, мың тонна: | | | | | | |
| ет өнімдері (етке қайта есептегенде) (құс етін қоспағанда) | 124,5 | 148,7 | 162 | 176 | 193 | 220 |
| сүт өнімдері (сүтке қайта есептегенде) | 1 254,5 | 1 511,5 | 1 980,9 | 2 167,8 | 2 366,4 | 2 583,6 |
| өсімдік майлары | 206,7 | 220,0 | 238,0 | 269,5 | 301 | 333 |
| қант | 385,2 | 452,7 | 485 | 500 | 514 | 529 |
| оның ішінде қызылша қанты | 23,2 | 66 | 72 | 78 | 84 | 90 |
| өндірілген қанттың жалпы көлеміндегі қызылша қантының үлесі, % | 5,3 | 14,5 | 14,8 | 15,6 | 16,3 | 17 |
| Қайта өңделген ауыл шаруашылығы шикізатының үлесін ұлғайту, % | | | | | | |
| Ет (барлығы) | 21,6 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| Сүт | 27,4 | 31,0 | 34,4 | 36,0 | 38,0 | 40,0 |
| Жеміс және көкөніс | 2,5 | 5,2 | 6,9 | 5,6 | 10,3 | 12 |
| Отандық өндіріс есебінен ішкі нарықтың қажеттілігін қанағаттандыру, %: | | | | | | |
| ет тағамдарымен | 73,4 | 76,7 | 78 | 79 | 80 | 81,5 |
| сүт тағамдарымен | 64,3 | 67,9 | 73,8 | 75,7 | 77,3 | 79 |
| өсімдік майымен | 71,8 | 75,0 | 75,5 | 75,9 | 76,4 | 76,8 |
| қантпен | 80,0 | 80,0 | 81,0 | 82,0 | 82,0 | 82,0 |
| қайта өңделген жеміс және көкөніс өнімдерімен | 33,6 | 33,9 | 35,1 | 36,0 | 37,6 | 38,7 |
| Жаңа жұмыс орындарын құру, барлығы - 2300 | | 349 | 434 | 487 | 515 | 515 |

## 5.5. Өнімдер сапасын бақылау жүйесін қалыптастыру

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне мейлінше аз талап белгілеу мақсатында агроөнеркәсіп кешені өніміне техникалық регламенттер әзірленіп, бекітіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі техникалық регламенттерді әзірлеу жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының 14 техникалық регламентін әзірледі, тағы да 5 жоба мемлекеттік органдармен және мүдделі тараптармен қарастыру және келісу кезеңінде. Сонымен бірге, ЕурАзЭҚ бірінші кезектегі техникалық ережелерді әзірлеу кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өз құзыреті шегінде АӨК өнімі бойынша ЕурАзЭҚ-тың 6 техникалық ережесін әзірлеуге қатысады.

Техникалық ережелердің қабылдауының мақсатқа жетуін және сәтті қолдануының бірден-бір шарты техникалық ережелердің енгізілуі және бейімделуі болып табылады, техникалық ережелердің қабылдаған нормаларына қатысты мүдделерін қозғағанда, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, кәсіпорындардың және қоғамдық бірлестіктер саласында, техникалық ережелерді әзірлеушілерінің қатысуымен семинарлар, кеңестер, «дөңгелек үстелдер» өткізу болжануда.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК өнімінің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын жоғарлату мақсатында еліміздің аймақтарында қолданыстағы стандарттардың және нормативтік базаны өзектілендіру және қайта қарастыру бойынша, сонымен қатар халықаралық талаптарға сәйкес мемлекеттік стандарттардың үйлесімділігін қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасының аймақтарында АӨК саласы бойынша 2083 стандарттар қолданыста, соның ішінде МемСТ - 1771, ҚРСТ - 377, олардың 214 үйлесімделген стандарттар, бұл 56,7 %-ды құрайды.

Алдын ала талдау нәтижелері бойынша ауыл шаруашылығы өніміне қажетті стандарттар кемінде 250-ді құрайды.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіп кешенінде кәсіпорындарды тамақ өнімдерін қауіпсіздендіруді және менеджмент сапасын халықаралық жүйеге жеделдетіп өткізу процестері ынталандыруда. Осыған байланысты агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне халықаралық стандарттарды сертификаттау және енгізу, әзірлеу қызметінің құнын азайту жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарлама жүзеге асырылуда.

Бүгінгі күні ИСО және ХАССП стандарттарын енгізген кәсіпорындардың саны 323 дейін жетті, менеджмент сапасы жүйесін енгізуге өндірісті әзірлеу және дайындау кезеңінде 84 кәсіпорын тұр. 2014 жылдың соңына ИСО және ХАССП стандарттарын енгізген кәсіпорындардың саны 500-ге дейін көбейеді.

## 5.6. Азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алудағы қазақстандық қамтуды дамыту

Біздің республика азаматтарының әл-ауқатын және өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған индустриялық-инновациялық саясатты іске асырудың қазіргі заманғы кезеңінде басты және өзекті бағыты қазақстандық қамтуды дамыту болып табылады.

Бұл бағыттың аса маңызды және бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлеміндегі қазақстандық қамтудың үлесін ұлғайту болып табылады.

Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақстандық қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілген тізбеге сәйкес азық-түлік тауарларын тек қана отандық тауар өндірушілерден мемлекеттік сатып алуды көздейтін норма қолданысқа енді.

Тиісті тізбе «Отандық тауар өндірушілерден сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 мамырдағы № 423 қаулысымен бекітілді, ол мынадай азық-түлік тауарларын қамтиды:

ұн (барлық түрлері);
нан, нан өнімдері;
макарон өнімдері;
жарма (қарақұмық, сұлы, майда, арпа, күріш);
кондитерлік өнімдер;
ішетін сүт, кілегей;
сары май және өсімдік майлары;
ашыған сүт өнімдері;
ет (жас, консервіленген), ет өнімдері;
шұжық өнімдері;
тауық жұмыртқасы;
тұз, оның ішінде йодталған ас тұзы;
алкогольсіз сусындар, шырындар, ыдысқа құйылған ауыз суы.

Отандық өндірушілерден азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алуда қазақстандық қамтуды одан әрі дамыту жүзеге асырылады, оның ішінде Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ, отандық өндірушілерден азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алу бойынша мониторинг жүйесін қалыптастыру есебінен жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, жедел түрде отандық өндірушілерден азық түлік тауарларын басымды сатып алуды қамтамасыз ету бойынша техникалық шаралар, оның ішінде мемлекеттік сатып алулардың электронды жүйесін СТ-KZ нысанды сертификат алған отандық кәсіпорындардың базасымен ықпалдастыру жолымен қабылданатын болады.

Қазақстандық қамтуды дамыту дайын өнімді өткізудің қосымша, кепілді және тұрақты нарығын құру арқылы отандық тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қолдауды қамтамасыз етуге, 2014 жылдың соңына қарай азық-түлік тауарларының өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, оның нәтижесі мультипликативтік әсерін дамытып, оның ішінде қосымша жұмыс орындарын құруға әкеледі.

Отандық кәсіпорындарды қолдаудың қуатты құралы болып табылатын қазақстандық қамтуды дамыту отандық азық-түлік өнімдерінің сапасын жақсартуға және азық-түлік тауарларының ішкі нарығын 80 %-дан астам отандық тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі алға қойылған міндеттерге қол жеткізуге ықпал ете отырып, олардың сыртқы нарықтарға жеткізілу көлемін ұлғайтуға және аграрлық саласының экспорттық әлеуетін ел экспортының жалпы көлемінде 2009 жылғы 4 %-дан 2015 жылы 8 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

## 5.7. Энергия тиімділігін және энергия үнемдеуді арттыру

Ауыл шаруашылығы саласында Бағдарламаны іске асыру барысында ресурс және энергия үнемдеуге бағытталған бірқатар іс-шараларды іске асыру жоспарланып отыр:

1) егіншілік дақылдарын ұлғайтуды ынталандыру;

2) қазіргі заманғы ылғал қорын және су үнемдегіш технологияларды өндіріске енгізу;

3) ауыл шаруашылығы өндірісін ірілендіру және қазіргі заманғы агротехнологияларды енгізу есебінен шикізат сапасын арттыру;

4) суаруға арналған суды тиімді және ұтымды пайдалануды ынталандыру;

5) суармалы жерлердің өнімділігін сақтау және арттыру;

6) кең көлемді селекция негізінде генетикалық әлеуетті арттыру;

7) етті және сүтті мал шаруашылығын дамытуда инновациялық технологияларды енгізу;

8) табиғи жайылымдарда малдарды жайып семіртудің аз шығынды технологияларын пайдалану;

9) қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық және технологиялық қайта жарақтау үшін жағдай жасау;

10) қайта өңдеу кәсіпорындарын халықаралық сапа стандартына өтуге ынталандыру;

11) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің және сақтаудың қазіргі заманғы ресурс үнемдеуші қалдықсыз технологияларын енгізу.

7-кесте

| Р/с | Іс-шаралар | Өлшем бірлігі | Энергетикалық ресурстардың шығыны (эл. энергиясы, жылу энегриясы, отын) бірлігіне (Гдж/бір.) | | Энергетикалық ресурстардың төмендеуі бойынша нысаналы индикатор, бірлігіне (%) | Есепті кезең (%) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Базалық жыл (2008) | 2014 жыл | | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | Өсімдіктен алынатын өнімдер өндірісі | мың тонна | | | | | | | | |
| 1. | Астық өндірісі | мың тонна | 3,5 | 3,4 | 97,0 | 99,0 | 98,8 | 98,0 | 97,7 | 97,0 |
| 2. | Майлы дақылдар өндірісі | мың тонна | 11,1 | 11,0 | 99,0 | 99,8 | 99,6 | 99,4 | 99,2 | 99,0 |
| 3. | Қант қызылшасының өндірісі | мың тонна | 0,75 | 0,65 | 86,0 | 97,0 | 94,6 | 92,0 | 89,0 | 86,0 |
| 4. | Күріш өндірісі | мың тонна | 2,5 | 2,4 | 96,0 | 99,2 | 99,4 | 97,6 | 96,8 | 96,0 |
| 5. | Шитті мақта өндірісі | мың тонна | 4,7 | 4,6 | 98,0 | 99,5 | 99,0 | 98,7 | 98,2 | 98,0 |
| 6. | Көкөніс өндірісі | мың тонна | 0,42 | 0,32 | 76,0 | 95,0 | 90,0 | 85,7 | 80,0 | 76,0 |
| 7. | Картоп өндірісі | мың тонна | 0,59 | 0,49 | 83,0 | 96,0 | 93,0 | 89,0 | 86,0 | 83,0 |
| 8. | Жеміс, жидек және жүзім өндірісі | мың тонна | 0,93 | 0,83 | 89,0 | 97,8 | 95,6 | 93,5 | 91,0 | 89,0 |
| | Малдан алынатын өнімдер өндірісі | мың тонна | | | | | | | | |
| | Биязы жүн өндірісі | тонна | 3,7 | 3,6 | 97,0 | 99,5 | 98,9 | 98,0 | 97,8 | 97,0 |
| | Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу | | | | | | | | | |
| 9. | Ет өнімдерінің өндірісі | тонна | 7,26 | 6,90 | 95,0 | 99,5 | 99,0 | 98,5 | 97,0 | 95,0 |
| 10. | Өсімдік майының өндірісі | тонна | 6,63 | 6,30 | 95,0 | 99,5 | 99,0 | 98,5 | 97,0 | 95,0 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Сүт өнімдерінің өндірісі | тонна | 1,13 | 1,08 | 95,0 | 99,5 | 99,0 | 98,5 | 97,0 | 95,0 |

## 5.8. Шебер-жоспарлар және агроөнеркәсіптік кешенді өңірлік деңгейде дамыту бағдарламасы нақтылау

Ескерту. 5.8-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

АӨК басым бағыттарын жедел дамыту мақсатында осы бағдарлама шеңберінде келесі бағыттар бойынша 8 шебер-жоспар әзірленді:

астықты өндіруді, тереңнен қайта өңдеуді және экспорттауды дамыту;

майлы дақылдарды өндіруді және қайта өңдеуді дамыту;

жеміс-көкөніс өнімдерін өндіруді және қайта өңдеуді дамыту;

қант қызылшасынан ақ қант жасауды дамыту;

ет және ет өнімдерін өндіруді және экспорттауды дамыту;

жүнді және оның тереңнен қайта өңделген өнімдерін өндіруді, экспорттауды дамыту;

сүт және сүт өнімдерінің өндірісін дамыту;

құс шаруашылығын дамыту (құс еті).

Әрбір шебер-жоспар қажетті өндірістік көрсеткіштер туралы толық ақпараты бар өндірістік бағдарламалардан және онда облыстар бөлінісінде нәтижелерге барынша жылдам қол жеткізуге арналған іс-шаралар бойынша жауапкершілік деңгейі бөлінген және инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде кәсіпкерлік құрылымдар үшін бағдарлаушы қызметін атқаратын ұйымдастыру жоспарынан тұрады.

Осы Бағдарламада АӨК салаларын дамытудың негізгі жалпы республикалық параметрлері көрсетілген. Олар шынайы мүмкіндіктерге негізделген және тиісті өңірлік бағдарламаларда көрініс тапқан нақты өңірлік параметрлермен бекітілуі тиіс.

Осыған байланысты, АӨК-ні дамытудың өңірлік бағдарламаларын барынша нақтылы нысанда әзірлеу болжанып отыр, атап айтқанда, өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың басымды бағыттарының барынша тиімді даму нұсқаларының техникалық негіздемесі түрінде әзірленуі керек, яғни, олар саланың басымды бағыттары бойынша болашақ бизнес-жоспарлардың техникалық негіздемелерінің нақты жинағы болуы тиіс.

Бұл ретте, әрбір басым бағыт бірыңғай міндетті шешу - аталған бағытты жедел және тиімді дамыту және алға қойған нәтижелерге қол жеткізу үшін кооперация немесе кластер арқылы өзара экономикалық байланысқан әлеуетті серіктестердің нақты тізімі бар жеке АӨК нысанына ие болуы тиіс.

Әрбір облыстың өңірлік мамандануын айқындау кезінде ауыл шаруашылығы

өнімдерінің негізгі түрлері бойынша өндірістік көрсеткіштерге талдау жасалды және өнім өндірудің жалпы көлемінде облыстардың үлесі анықталды. Мысалы, 2009 жылы бидай өндірісінің жалпы көлемінде Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының үлесі 81,4 % (тиісінше 25,9 %, 27,1 %, 28,4 %) құрады, ет өндірісінде көшбасшылар Алматы облысы - 16,8 %, Қостанай облысы — 16,5 %, Шығыс Қазақстан облысы - 12,6 % болып табылды, сүт өндірісінің негізгі көлемі Шығыс Қазақстан облысына - 13,2 %, Алматы облысына - 12,6 %, Қостанай облысына - 12,0 %, Оңтүстік Қазақстан облысына - 11,6 %, Солтүстік Қазақстан облысына - 10,8 %-дан келеді, негізгі жүн өндірушілері Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары болып табылады, олардың үлесіне жалпы өндірістің 68 % (облыстар бойынша тиісінше 21,6 %, 19,0 %, 15,0 %, 12,4 %) келеді.

Көрсетілген бағыттарды және іс-шараларды іске асыру өңірлердің ерекшелігін есепке ала отырып олардың кешенді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл ретте кәсіпкерлік құрылымдары және қаржы институттары өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің басымды бағыттарын дамытудың және инвестиция тартудың оңтайлы нұсқалары туралы жан-жақты ақпарат алады.

Басым бағыттар бойынша накты агроөнеркәсіптік кешеннің сұлбасы көрсетілген АӨК-ні дамытудың өңірлік бағдарламасы әзірленетін болады.

8-кесте

## Өңірлік агрокешендерді қалыптастыруға арналған басым бағыттар тізбесі

| Алматы облысы | Ақмола облысы | Атырау облысы | Ақтөбе облысы |
|---|---|---|---|
| ет<br>құс шаруашылығы<br>сүт<br>жеміс және көкөніс<br>майлы дақылдар<br>қант қызылшасы<br>жемшөп дақылдары<br>балық<br>жүн | құс шаруашылығы<br>ет<br>сүт<br>көкөніс, картоп<br>астық<br>майлы дақылдар | ет<br>түйе шаруашылығы<br>балық<br>жүн | ет<br>сүт өнімді<br>жылқы шаруашылығы<br>майлы дақылдар<br>жемшөп дақылдары<br>құс шаруашылығы<br>жүн |
| Жамбыл облысы | Батыс Қазақстан облысы | Қарағанды облысы | Қызылорда облысы |
| ет<br>құс шаруашылығы<br>жеміс-жидек<br>майлы дақылдар<br>қант қызылшасы<br>жемшөп дақылдары<br>жүн | ет<br>құс шаруашылығы<br>жүн<br>өнімді жылқы шаруашылығы<br>майлы дақылдар<br>жемшөп дақылдары | ет<br>сүт<br>көкөніс,<br>картоп<br>астық<br>картоп өнімді жылқы шаруашылығы<br>құс шаруашылығы | ет<br>қаракөл елтірісі (терілер)<br>түйе шаруашылығы<br>көкөніс, бақша дақылдары<br>жемшөп дақылдары күріш<br>балық |
| Қостанай облысы | Маңғыстау облысы | Павлодар облысы | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| ет<br>құс шаруашылығы<br>сүт<br>астық<br>майлы дақылдар<br>картоп | ет<br>түйе шаруашылығы<br>балық<br>жүн | ет<br>сүт өнімді<br>жылқы шаруашылығы<br>майлы дақылдар<br>жемшөп дақылдары<br>картоп |
| Шығыс Қазақстан облысы | Солтүстік Қазақстан облысы | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| ет<br>құс шаруашылығы<br>сүт көкөніс, картоп<br>майлы дақылдар<br>жемшөп дақылдары<br>жүн<br>ара шаруашылығы<br>мүйізді марал шаруашылығы | ет сүт көкөніс, картоп<br>астық<br>майлы дақылдар<br>құс шаруашылығы | ет<br>құс шаруашылығы<br>сүт<br>көкөніс, бақша дақылдары<br>мақта<br>жеміс-жидек, жүзім<br>ара шаруашылығы<br>майлы дақылдар<br>жемшөп дақылдары<br>жүн<br>қаракөл елтірісі (терілер) |

## 5.9. АӨК салаларын ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету

Экономиканы инновациялық дамыту үшін АӨК технологиялық дамыту саласындағы мемлекеттің барлық мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалану қажет. Осыған байланысты, аграрлық зерттеулердің Қазақстан-Израиль қорын құру, сондай-ақ, Қазақстанның Австралия, Бразилия, Канада, Аргентина және т.б . сияқты дамыған аграрлық елдермен бірлескен халықаралық ғылыми-зерттеулер жобаларына қатысуы бойынша шаралар қабылдау жоспарланып отыр.

АӨК дамуының басымдығына және қажеттілігіне сәйкес АӨК саласындағы ғылыми зерттеулер жалғаса береді. Зерттеулер аясы шетелдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен зерттеулер жүргізу тәжірибесін дамыту, ғылыми топтардың құрамына шетел ғалымдарын тарту, табысты қолданылған шетелдік технологияларды Қазақстан Республикасында қолдану шарттарына бейімдеу есебінен кеңейтілетін болады.

Бәсекеге қабілетті білімді генерациялауға және тәжірибеге енгізуге бағытталған АӨК-нің тиімді салалық инновациялық жүйесін қалыптастыру АӨК-дегі инновациялық саясаттың басым бағыты болып қала береді.

Ақмола облысы «Ғылыми» кентінде түрлі бейіндегі отандық ғылыми-зерттеу ұйымдарының ресурстарын тарта отырып, ең үздік әлемдік стандарттарға сай келетін халықаралық деңгейдегі ғылыми-білім беру кешенін ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Генетикалық қорларды ғылыми мақсатта зерттеуге, сақтауға және пайдалануға жағдай жасау мақсатында Ұлттық генетикалық қорды сақтау қоймасын құру жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, мал шаруашылығы инновациялық инфрақұрылымының жаңа объектілерін салу, дәнді дақылдар генетикасын зерттейтін Австралия-Қазақстан зертханасын құру, сондай-ақ, АӨК саласында 11 жоғары технологиялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Білім тарату жүйесі одан әрі дамиды. Құрылған орталықтарда АӨК субъектілерін жоғары тиімді технологияларын тәжірибеде қолдану, оның негізінде бәсекеге қабілетті инжинирингтік қызмет сызбасының дамуы бойынша тікелей кеңес беру функционалы дамитын болады.

Аграрлық ғылымның кәсіпкерлік сектор субъектілерімен өзара іс-қимылы ең озық әлемдік тәжірибені Қазақстан Республикасы экономикалық жағдайларында бейімдеуге негізделген жаңа құрал арқылы дамитын болады.

Трансферттер және агротехнологияны коммерцияландыру саласындағы құрал мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі қағидаттарын қолдана отырып келесі бағыттарға негізделетін болады:

технологияларды оқшаулау;

инновациялық компанияларды құру;

зияткерлік меншікті басқару;

келісім шартты зерттеу және индустрия үшін қызмет көрсету.

Жас мамандарды аграрлық ғылымға тарту үшін сыйақы беру және еңбекке ынталандыру, сондай-ақ ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесі күшейтілетін болады.

Нарықтық ақпарат құрылымның басым рөлі бағалық, маркетингтік, биржалық және анықтама ақпаратына беріледі, ол АӨК субъектілеріне тиімді нарықтық ағымды жолға қоюға, операциялық шығындарды қысқартуға және агробизнесте ең жақсы өтімді саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан, мониторинг және нарықтық жағдайды жедел зерделеу, сондай-ақ АӨК салаларының дамуын талдау жүйесін одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

2010 — 2011 жылдар аралығында АӨК субъектілерін өндіріс құрылымын оңтайландыру және қайта өндіріс қатерін азайту үшін әлемдік және отандық нарықтар конъюнктурасын дамытудың ықтимал нұсқалары туралы болжамды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығының дамуын болжамдау жүйесін құру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 2010 жылдан бастап саланың ерекшелігін есепке алатын және өндірістік күштерінің аумақтық орналасуы мен жаңа өндірістерді құру немесе барларын жаңарту туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасындағы өндірістік қуаттардың жай-күйі туралы қажетті ақпаратты беретін АӨК-ні индустрияландыру картасын жасау жоспарлануда.

2011 жылдан бастап «ҚазАгроМаркетинг» АҚ ақпараттық-логистикалық орталықтарының қызметін қамтамасыз ету және одан әрі дамыту жоспарланып

отыр, бұл АӨК субъектілерін жеміс-көкөніс өнімдерінің көтерме бағасы және жеткізу көлемі туралы маңызды ақпаратпен жедел қамтамасыз етуге және ел өңірлерінің көтерме сауда нарықтарына жеміс-көкөніс өнімдерін жеткізуді жүйеге келтіруге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, тәжірибе көрсеткендей, АШТӨ арасында өткізілген кеңестік жұмыс шаруашылық қызметтің бағытын таңдау және өндірісті ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдармен сүйемелденуі тиіс. Сондықтан «арнайы қызмет көрсету» қызметін пайдаланушылар аясы кеңейтілетін болады.

АШТӨ арасында өңірлік, өңіраралық және сыртқы экономикалық іскерлік байланыстарды кеңейту мақсатында форумдар, көрмелер және жәрмеңкелер өткізу бойынша жұмыстар жалғаса беретін болады.

2014 жылға «e-Agriculture» АӨК біріккен автоматтандырылған басқару жүйесін барлық аудан орталықтарында енгізу аяқталады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынатын «электрондық үкімет» порталы арқылы кеңейтілген электрондық қызмет тізбесі бойынша жұмыстары жалғаса береді.

Кадрмен қамсыздандыру саласы бойынша бұдан әрі кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, сонымен бірге жас білікті мамандарды ауылдық өңірлерге ынталандыру және тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға мынадай тиісті өзгерістер мең толықтырулар енгізу қарастырылуда:

ветеринар мамандығы бойынша, мемлекеттік тапсырыс квотасымен білім алған ауыл жастары арасынан азаматтар оқу орнының бітіргеннен кейін ауылдық аумақта кемінде үш жыл міндетті түрде жұмыс істеуі енгізіледі;

ауылға келген ауыл шаруашылығындағы жас маманға, қосымша әлеуметтік көмек ретінде:

бірреттік көтерме жәрдемақы (ветеринария саласындағы бюджет ұйымдарындағы және жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік қызметкерлер мамандарына):

тұрғын үй алуға бюджеттік кредит беру;

үй шаруашылығын жүргізу үшін жеңілдетілген кредит беру.

Аграрлық сектордың қажеттілігіне байланысты жоғары білімді және жоғарғы білімнен кейінгі білімді кадрлар даярлау, сонымен қатар техникалық, ауыл шаруашылығындағы кәсіптік білім және ветеринария мамандықтарына мемлекеттік білім беру тапсырысы ұлғаяды.

Аудандардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жергілікті бюджет есебінен ауыл шаруашылығы және ветеринария мамандықтары бойынша техникалық және кәсіби білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім тапсырысын ұлғайту болжанады. Бұдан басқа, 2014 жылдың соңына қарай

кәсіптік лицейлердің құрылысы ауылдық аумақтарда, олардың жоқ жерлерде аяқталатын болады.

Техникалық және кәсіптік білімі бар (бұдан әрі - ТжКБ) мамандарын даярлау сапасы ауыл шаруашылығы басымды мамандықтар бойынша кәсіби стандарттарды әзірлеуде жұмыс берушілердің және АӨК қауымдастықтарының қатысуы, сондай-ақ аграрлық сектор мамандықтары бойынша ТжКБ бітірушілердің біліктілігін тәуелсіз сертификаттау салалық жүйесін енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

9-кесте

## АӨК салаларын ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету көрсеткіштерінің болжамы

| Іс-шаралар | 2009 ж. | 2010 ж. | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| А/ш және басқа да дақылдардың жаңа сорттары мен гибридтерін құру, бірлік. | 36 | 20 | 30 | 25 | 28 | 33 |
| Отандық селекция сорттары егілген астық дақылдарын егіс алаңдарының астық дақылдарын жалпы егіс алаңдарынан үлесі, % | 47 | 50 | 55 | 57 | 57 | 58 |
| Генетикалық, биотехнологиялық, биохимиялық, физиологиялық және басқа да әдістерді қолдана отырып, тұқымдардың, типтердің және а/ш жануарларының, құстардың, балықтардың, аралардың, микроорганизмдер штаммдарының тұқымдарын, түрлерін және жүйесін құру, бірлік. | 2 | 4 | 7 | 2 | 4 | 5 |
| АӨК-ге ресурс- және энергия үнемдеуші экологиялық қауіпсіз агротехнологияларды енгізу, млн. га | 7,5 | 8,0 | 8,5 | 8,8 | 9,0 | 10 |
| Зертханаларды құру, бірлік. | - | - | 2 | - | - | - |
| Селекциялық жылыжайлар құру, бірлік. | 1 | 1 | 1 | - | 5 | - |
| Мал шаруашылығында инновациялық-инфрақұрылымдар объектілерін құру, ед. | | 8 | 4 | | | |
| Аграрлық салада білімді өндіріске жеткізу жүйесі арқылы мамандар мен фермерлерді оқыту, адам. | 1350 | 1300 | 2000 | 2375 | 2675 | 3000 |
| Жоғарғы технологиялық инновациялық компанияларды және жобаларды дайындау, бірлік. | 2 | 3 | 2 | 2 | 3 | 1 |
| Шетелдік генетикалық материалдардың трансферті, бірлік. | - | - | 1000 | 1000 | 1000 | 1000 |
| Халықаралық ауыл шаруашылығы зерттеулерін консультациялық тобы (бұдан | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| әрі - ХАШЗКТ) шеңберінде іске асырылатын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық Жұмыстардың (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) халықаралық жобалары , бірлік | | | 1 | 1 | 2 | 4 |
| Білім тарату орталықтарын құру, бірлік. | 2 | 3 | 3 | 3 | 1 | - |
| Ақпараттық-кеңестік қызметті ұсыну | 45 000 | 45 000 | 55 000 | 60 000 | 65 000 | 65 000 |
| оның ішінде «жеке қызмет көрсету» қызметі | - | 5 000 | 10 000 | 15 000 | 20 000 | 25 000 |
| Жыл сайынғы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде АӨК, су, балық, орман және аңшылық шаруашылығы салаларының қажеттілігі үшін мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарына талапкерлердің түсуі: | 2260 | 2480 | 3036 | 3460 | 3945 | 4480 |
| докторантурада (PhD): ауыл шаруашылығы ғылымы ветеринария | - - | 3 0 10 | 5 0 20 | 6 0 30 | 7 0 40 | 8 0 50 |
| магистратурада: ауыл шаруашылығы ғылымы ветеринария | 9 5 35 | 1 1 0 50 | 1 5 0 80 | 1 7 0 100 | 1 9 5 120 | 2 2 0 140 |
| бакалаврда: ауыл шаруашылығы ғылымы ветеринария | 1 6 0 0 530 | 1730 550 | 2116 620 | 2430 670 | 2790 730 | 3 2 1 0 780 |

Күтілетін нәтижелер:

1) жетекші шетел ғалымдарын ҒЗТКЖ іске асыруға, оларды халықаралық басылымдарда жариялауға тарту;

2) Қазақстан-Израиль бірлескен аграрлық зерттеу қорын құру;

3) Австралия-Қазақстан дәнді дақылдар генетикасы зертханасын құру;

4) АӨК саласындағы 11 жоғары технологиялық компанияларды және жобаларды іске асыру;

5) аграрлық ғылымның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін құру (зертханалар - 2 бірлік, селекциялық жылы жайлар - 7 бірлік, қызметтік жатақханалар - 2 бірлік);

6) 10 білім тарату орталықтарын құру және онда 11,3 мың адамды оқыту;

7) өтусіз ақпаратпен 65 000 АӨК субъектілерін қамту, оның ішінде «жеке қызмет көрсету» қызметін қолданатын АӨК субъектілерінің санын 25 000 дейін жеткізу;

8) облыс орталықтары мен үлкен қалалардың көтерме нарықтарында ақпараттық-логистикалық орталықтарды ашу;

9) 2014 жылға қарай жоғарғы білімді кадрлармен қамтамасыз етуді 91 %-ға дейін, техникалық және кәсіптік білімі бар: орта буынды мамандарды ( техник-механик, техник-технолог және т.б.) 87 %-ға дейін, техникалық және қызмет көрсететін білікті жұмыскерлерді (тракторшы-машинист, техникалық жабдықтардың бастығы және т.б.) 82 %-ға дейін жеткізу;

10) ауыл шаруашылығы қайта өңдеу бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі аймақаралық орталығын құру;

11) облыстар бойынша 22 кәсіптік лицейлердің құрылысы: Ақмола - 2, Алматы - 3, Ақтөбе - 3, Атырау - 1, Жамбыл - 1, Батыс Қазақстан - 2, Қарағанды - 2, Қостанай - 3, Маңғыстау - 1, Павлодар - 1, Солтүстік Қазақстан - 1, Оңтүстік Қазақстан - 2.

## 5.10. АӨК қаржылық инфрақұрылымын дамыту

Ескерту. 5.10-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 749 Қаулысымен.

АӨК субъектілерін және ауыл тұрғындарына кредит беру бәсекеге қабілеттілікті, экспортқа бағытталған агроөндірісті қалыптастыру үшін олардың қажеттіліктеріне сәйкес жеңілдетілген қаржы ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында еншілес «ҰБХ «ҚазАгро» АҚ-нің «Аграрлық кредиттік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Корпорация) арнайы ұйымы жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беру елдің 158 ауданында құрылған 161 кредиттік серіктестік арқылы жүзеге асырылады және әкімшілік ауылдық аудандардың қамтылуы 89 % құрайды. Көрсетілген кредит беру сызбасы ауыл шаруашылығы өндірісінің орналасқан жеріне және жеңілдетілген кредит шарттарына аумақтық бойынша аса жақын ұсақ АШТӨ - шаруа (фермерлік) қожалықтарының кең бөлігіне кредит ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кредит серіктестіктеріне кредит беру жөніндегі бағдарламаны одан әрі іске асыру және оны ұлғайту жоғарғы технологиялық өндірісті енгізуді және ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыруды кредит беру арқылы еңбек өнімділігін арттыруға бағытталатын болады.

Бірлескен өндірісті жүргізетін, ауыл шаруашылығы өнімін дайындайтын, өткізетін, қайта өңдейтін, сақтайтын, тасымалдайтын, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтайтын АШТӨ бірлестіктерін және ауыл тұрғындарын кредит беру аграрлық ендіріс инфрақұрылымын қалыптастыруға, ұсақ үй шаруашылықтарды біріктіруге және делдалдарсыз «егіс алаңынан сауда қатарына дейін» азық-түлік тізбегін құруға ықпал етеді.

Ауылдық жерлерде кәсіпкерлік қызметінің ауыл шаруашылығы емес түрлеріне кредит беру ауылдық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған: туризмді, қонақ үй бизнесті және жол бойындағы қызмет көрсетуді ұйымдастыру , жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндірісі, балық өнімдерін көбейту, өсіру және қайта өңдеу. Кредиттер объектілерді қайта құруға, қайта жаңартуға, айналым қаражатын толтыруға беріледі.

Ауыл шаруашылығы шикі затын қайта өңдейтін және тамақ өнімдерін

өндіретін кәсіпорындарды кредиттендіру ескірген құрал-жабдықтарды жаңартуға және қайта жаңартуға, айналым қаражатын толтыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азық-түлік импортын төмендетуге көмек көрсету мақсатында екінші деңгейлі банктер кредиттерін қайта қаржыландыруға бағытталған. Осы шара жоғарғы технологиялық және бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік өндірісті дамытуға, ауыл шаруашылығы шикі затын қайта өңдеу үлесін ұлғайтуға, жалпы қайта өңдеу кәсіпорындарының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Корпорацияның инвестициялық жобаларды қаржыландыруы мал шаруашылығын өндірістік негізге ауыстыруға және астық экспортының инфрақұрылымын құруға бағытталған. Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жоғарғы сапалы ет және ет өнімдерінің өндірісін ұлғайтуға, астық өнімдері бойынша елдің экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Етті мал шаруашылығы саласын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету үшін асыл тұқымды, жоғары өнімді, етті тұқымды мал өсіруді ынталандыру мақсатында ірі қара малдың асыл тұқымды табынын қалыптастыруға және өсімін молайтуға кредит беру.

Етті мал шаруашылығын дамытуға инновациялық технологияларды енгізу арқылы елдің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында бордақылау алаңдары негізінде сиыр етінің өнеркәсіптік өндірісіне кредит беру.

Сиыр еті өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін етті тұқымды ірі қара малдың аналық бастарын ұлғайту мақсатында мал шаруашылығын дамытуға шаруа-фермер қожалықтарына кредит беру.

Күтілетін нәтижелер:

1) серіктестік жүйесі ұлғаятын болады, алынатын кредит қаражаты қазіргі агротехнологияларды және ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін жоғары сапалы ауыл шаруашылығы техникасын енгізуді қамтамасыз етеді;

2) ауыл шаруашылығы өнімін дайындау, өткізу, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау инфрақұрылымын дамыту АШӨТ және ауыл тұрғындарының өнім өндірісіне жұмсалған шығындарын азайтуға мүмкіндік береді және ауыл жерлерінің табыстылығын арттырады;

3) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндірісі, балық өнімдерін өсіру және қайта өңдеу, туризмді, қонақ үй бизнесін және жол бойындағы қызмет көрсетуді ұйымдастыру, ауылдық сауда-саттық нүктелерін және қоғамдық тамақтану орындарын ұлғайту сияқты ауыл инфрақұрылымын дамыту ауыл шаруашылығы өндірісімен айналыспайтын ауыл тұрғындарына жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді және ауыл

жерлерінің табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді;

4) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін ірі және орта кәсіпорындарды және тамақ өнімінің өндірісін дамыту ішкі тұтыну нарығын бәсекеге қабілетті, сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге және азық-түлік импортын төмендетуге мүмкіндік береді;

5) инвестициялық жобаларды іске асыру Қазақстанның ірі астық экспорттаушылар қатарына кіруін қамтамасыз етуге, жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімінің экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді;

6) асыл тұқымды шаруашылық-репродукторларға кредит беру ортақ табынның тұқымдық құрамын жақсартуға, малдың өнімділігін және жалпы ет саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді;

7) инфрақұрылымы дамыған қазіргі заманғы бордақылау алаңдарын дамытуға кредит беру әлеуетті қарыз алушылардың етті ірі қара мал бастарын қарқынды бордақылауын және сапасы бойынша әлемдік стандарттарға сәйкес келетін етті жыл сайын ірі көлемде ет комбинаттары мен экспортқа жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) шаруа-фермер қожалықтарының ірі қара малдың аналық бастарын сатып алуы мен күтіп-бағуына кредит беру құрылатын инфрақұрылымы дамыған бордақылау алаңдарын ірі қара малдың төлдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Шаруа-фермер қожалықтары кәсіпкерлік қызметке тартылатын болады, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, ауылдық жерлерде табыстылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Лизинг және АӨК субъектілеріне кредит беру

АӨК басым салаларын қолдау, АӨК субъектілерінің қаржы ресурстарына қанағаттанарлық дәрежесін арттыру үшін еншілес «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның « ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі жоғарғы технологиялық инвестициялық жобаларды және ауыл шаруашылығы шикізатының өндірісі мен қайта өңдеудің тиімді технологияларын қаржыландыру арқылы АӨК салаларында еңбек өнімділігінің өсуін ынталандыруға бағытталатын болады.

